БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 100 (9677) 1955 жылғы 21 май Сенбі

жеке саны 20 тыйын. Шығуына 36 жыл.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ССРО Финанс министрлігінің хабары (1-бет).

Т. Елгезеков. — Директор неге абыржыды (1-бет).

Байланыс қызметкерлерінің республикалық кеңесі (1-бет).

Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі (2-бет).

ЖАЗҒЫ ЖАЙылымды ДҰРЫС ҰЙЫМДАСТЫРУ — МАЛ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ БАСТЫ ШАРТЫ: **К. Шкодина, И. Роля.** — Малдың өнімділігін арттыру жолында. **Б. Жақышов.** — Қажырлы еңбектің жемісі. **И. Каргин.** — Сауын сыйырлардың сүттілігін арттыру жолдары. **Ғ. Нұрымов.** — Малды жайып семіртудегі кемшіліктер (3-бет).

Т. Бәкіров. — Жағымсыз жағдайлар (3-бет).

М. Тоқаев. — Жұмысшы жастар мектебінде (3-бет).

А. Евсеев. — Ленинград артистері тында (4-бет).

Р. Кильматов. — Жаңа автомобиль жолы құрылысында (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

ССРО Финанс министрлігінің ХАБАРЫ

32 миллиард сом мөлшерінде шығарылған ССРО-ның халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемы (1955 жылғы) 18 май күнінің кешіне дейін 34 миллиард 276 миллион 973 мың сом болып таратылды.

ССРО Финанс министрлігі, ССРО Министрлер Советінің нұсқауы негізінде 1955 жылдың 20 майынан бастап барлық жерде заемға онан әрі жазылуды тоқтатуға жарлық берді.

ССРО Финанс министрі А. ЗВЕРЕВ.

19 май, 1955 жыл.

Нұсқаушылар тобының жұмысы өскелең міндеттер дәрежесінде болсын

Қазір бүкіл еліміздегі сияқты облысымыздың ауыл-селоларында қайнаған еңбек. Колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің егіс даласы мен жал фермаларындағы қажырлы еңбегі партия белгілеп берген программаны— таяудағы бес-алты жылда астықтың жалпы түсімін жыл сайын 10 миллиард пұтқа жеткізу, мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі-екі еселеп аса арттыру міндетін ойдағыдай жүзеге асыру міндетіне бағытталып отыр.

Бұл іске аудандық партия комитеттерінің МТС және совхоздар аймақтары жөніндегі нұсқаушылар топтары зор роль атқарады. Бұл топтардың қызметкерлері партия мен үкметтің ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі қаулыларын орындауға бағытталған партиялық-саяси жұмыстың нағыз жауынгер ұйымдаструшылары болуы керек. Олар бастауыш партия ұйымдарын үнемі нығайту арқылы коммунистерді, барлық ауыл-село еңбекшілерін елімізге астықты, сүтті, майды, жүнді және ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін көптеп беру күресіне жұмылдыра білуге тиіс.

Өздерінің міндетін дұрыс түсініп, жұмысты осы тұрғыдан ұйымдастырған бірқатар нұсқаушылар топтары колхоздардағы, МТС-тер мен совхоздардағы істің жайына партиялық ықпалды күшейтті. Мәселен, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейінгі уақыттың теп жұмыс істеуіне жетісе алмай келеді. Осы сияқты нұсқаушылар тобы көктемгі егіс кезінде де колхозшылар мен механизаторлардың социалистік жарысын ұйымдастыруда инициатива көрсете алмай отыр. Рас, олар егіс далаларында жиі болады. Бірақ, не пайда, топ қызметкерлері көбінесе. шаруашылық қызметкерлерінің ролін атқарып, бастауыш партия ұйымдарына егіншілердің социалистік жарысы мен бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде көмек көрсетуді естен шығарады.

Мұндай фактілер неғұрлым сияқты емес. Приишім МТС-нің трактор бригадаларының көпшілігінде партиялық-саяси жұмыс формальді жүргізіледі. Тіпті бірқатар бригадалардан егіншілердің социалистік міндеттемелерін, оның орындалуын баяндайтын көрсеткіш тақталарын іздеп табу қыйын. Бригадаларда үгітшілер егіншілермен өңгімелер өткізбейді. Осы кемшіліктердің бәрін Приишім аудандық комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Шушин жолдас жақсы біледі. Алайда ол партиялық-саяси жұмысты жолға қоюда инициатива көрсете алмай жүр.

Ауыл шаруашылығын өрге бастыру міндеті топ қызметкерлерінің жұмысында орын алып отырған кемшіліктерді көтермейді. Олар өздерінің жұмысын өскелең міндеттердің дәрежесіне сай ұйымдастыруға тиіс. Бұл



Преснов ауданы, «Красный партизан» колхозындағы колхоз конструкторы Романенко механикаландырылған астық тиегіш жасап, пайдалануға берді. Астық тиегіш 15 минутта үш тонна 600 килограмма астықты тиейді. Ол 8 кісінің жұмысын атқара отырып, астық тиеуді он есе жылдамдатады.

СУРЕТТЕ: механикаландырылған астық тиегішпен жұмыс істеу.

Суретті түсірген **П. Третьяк.**

Директор неге абыржыды

Ворошилов атындағы МТС-тің кеңсесіне келіп, директорды күтушілер көп болды. Олардың біреулері трактористер, енді біреулері жанармай тасушылар. Әркайсысы өздерінің бір күрделі мәселесін шешіп алу үшін директордан ақыл сұрауға келген. Бірақ олардың бұл келуі де сәтсіздікке ұшырады, «директор колхоздарды аралап кетсе керек», «ауданға жүріп кетті дескеді», «ол бүгін кеңседе болмас» деген болжаулы сөздерді естіген сон күтушілер өз жайларына кетіп отырды.

Қайдан екені белгісіз, міне директор Шишкин жолдас келіп те қалды. Кабинетіне кіреберде ол біреу-міреу келіп қалма дегендей артына бұрыла қарап, кабинетке сезіктене кірді. Келісімен директор столының суырмасын ашып, соңғы мәліметтерді іздеді, таба алмады. Бұған күйініп, ыза болып тұрғанда оның көзі телефонға түсті. Осы минутта директордың көзалдынан жұмыста болып жатқан елеулі кемшіліктер, тоқтап тұрған тракторлар, себілмей жатқан егіндер елестеп өтіп жатты. Директордың

таңданыға таңдануға да болмайды. Өйткені, колхоздардың көбі жүгері егісіне әзірліксіз келді. 1040 гектар жүгері егісін шаршы-ұялап отырғызуға алты-ақ сеялка бар. Егер бұл сеялкалар күнделік нормасын толық орындап отырғанда жүгері егу 22 күнге созылады екен. Колхоздарда жүгеріні колмен отырғызу жөнінде әңгіме де болған емес. Бұл жағдай директорды абыржытпағанда не қылсын.

Астық сеялкалары МТС-те аз емес. Бірақ олардан жүгері отырғызуға икемделіп қайта жабдықталған сеялкалар жоқ. Қолда бар арнаулы алты сеялкаға да тұқым себушілер жетіспейді. Аздан бөлінген адамдар жүгері егудің тәртібін жете білмейді. МТС-тің агрономдары сеялкаларды алдын-ала әзірлеуге қоңіл бөлмеген. Міне, бұл жағдай да көзір директорға оңай тиіп отырған жоқ.

Аймақтағы колхоздар жүгері егуге 16 майдан бастап кірісті. Соның өзінде де жұмысқа қарқын тұқызылмай отыр. «Путь Ильича», «Шит», «Заря коммунизма»

ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БАСҚАРМАСЫНДА

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы Мамлют ауданының колхоздарында жүгері егудің барысын тексеріп, Чапаев атындағы МТС-тің директоры Е. Богданов, бас агрономы Н. Балашов, бас инженері А. Ковалев жолдастардың жүгерінің астық өндіруді арттырудағы маңызын жете бағаламайтынын және МТС қамтуындағы колхоздарда бұл аса маңызды дақылдың егілуіне қанағаттанғысыз басшылық жасап отырғанын атап көрсетті. Жекелеген колхоздарда жүгері егуге құнарлылығы нашар, тазартылмаған және топырағы сапасыз өңделген участоктер бөлінген. МТС-тегі шаршы -ұялы және жүгері себуге бейімделіп қайта жабдықталған астық сеялкалары жұмыстың басталар алдында тексерілмейді, тұқым нормалы мөлшерде себілмейді, сменалық тапсырмалар толық орындалмайды.

Чапаев атындағы МТС-тің агрономы Г. Сексембаев жолдас қамтыйтын Ворошилов атындағы колхозда жүгері егуге ойлы-қырлы, әрі арамшөпті, оның үстіне тайыз жыртылған участок бөлінген. Колхозға бөлінген «СКГ—6» сеялкасының тетіктері реттелмеген, тұқым себу нормасының мөлшеріне қойылмаған, тракторшы А. Островский, себуші П. Унру, сол сияқты бұл жұмыстағы колхозшылар жүгеріні шаршы-ұялы әдіспен егудің тіпті қарапайым ережелерін де білмейді. Жүгері себудің алдында алаңға бақылау межелері тартылмаған, сондықтан тұқым себу кезінде қатараралықтардың тік бұрышты тәртіп бойынша орналасуы дұрыс сақталмайды.

Кергіш лебедка мен өлшеуіш сымның фиксаторларын бір жерден екінші жерге ауыстырғанда ара қашықтықтар шамамен алынып, адыммен өлшенеді. Осы кемшіліктердің салдарынан жүгері тұқымы себілген 32 гектар алаңға шаршы-ұялар дұрыс орналастырылмаған, осы себепті бұл участокке егілген жүгерінің қатараралықтарын екі бағытта механика күшімен өңдеу мүмкін емес.

Агроном Г. Сексембаев жолдас жүгері себуге жерді іріктеп алуға және жерді шаршы-ұялы әдіспен тұқым себуге әзірлеуге жауапсыз қараған. Ол жұмыстың масы жүгеріні шаршы-ұялы әдіспен егуге әзірлік ісіне және бұл жұмысты жүргізуге жауапсыз қарағаны үшін Чапаев атындағы МТС-тің агрономы Г. Сексембаев жолдасты жұмыстан босатты және МТС директоры Богданов, бас агрономы Балашов, бас инженері Ковалев жолдастардан жүгері егу жұмысында орын алып келген елеулі кемшіліктерді дереу жоюды талап етті.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы жүгері себуді баяу жүргізуді бұдан әрі төзуге болмайтын жағдай деп есептеп, сонымен бірге ауа райының көзір топырақтың жоғары қабатын тез кептіретіндей ыстық және желді болып тұрғанын, мұндай жағдайда колхоздарда жүгері егуді кешеуілдету бұл дақылдың біркелкі өспеуіне және кеш шығуына әкеліп соғатынын ескере келіп, МТС директорларын мынаған міндеттеді.

Жүгеріні шаршы-ұялап егу жұмысын жүргізуге тәжрибелі трактористер, себушілер тағы басқа жұмысшылар тағайындалсын, олар жүгері егу аяқталғанға дейін тұрақтандырылып, жүгері егуге байланысты емес жұмыстарға ауыстырылуына тыйым салынсын.

Әрбір колхозда жүгері егуді таяудағы 3—5 күн ішінде аяқтау максатымен қолда бар барлық шаршы-ұялы және жүгері себуге бейімделіп қайта жабдықталған астық сеялкалары толық жұмысқа қосылсын және олардың таң атқаннан күн батқанға дейін тоқтаусыз және өнімді жұмыс істеуі қамтамасыз етілсін.

МТС-тердің колхоздарды қамтыйтын агрономдары үнемі жұмыстың басы-қасында болып, жүгері тұқымының шаршы-ұялап себілуіне жеке және қатаң бақылау жасайтын болсын.

Жүгеріні кең қатарлы және дағдылы әдіспен себуге үзілді-кесілді тыйым салынатын болсын. Жүгері тұқымын себуде агротехникалық талаптардың бұрмалануына жол берген адамдар қатаң жауапқа тартылсын.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы колхоздарда жүгеріні шаршы-ұялап егуді агротехникалық қысқа мерзім ішінде жоғары санада өткізуді қамтамасыз ету, МТС

...шаде Суворов МТС-нің қамтуындағы колхоздардың экономикасы айтарлықтай өрге басты. Өткен жылы мұндағы колхоздардың тен жартысы миллион табысы бар шаруашылықтардың қатарына қосылды. Кезір станция аймағындағы колхоздар көктемгі егіс жұмыстарын ұйымшылдықпен, кезінде аяқтағалы отыр.

Сез жоқ, станция мен оның қамтуындағы колхоздардың шаруашылық жұмыстарының табыстарына Конюхов аудандық партия комитетінің осы МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобы қызметкерлерінің қосып отырған үлесі мол. Олай болса, топ жұмысының сыры неде? Ол мынада: топ қызметкерлері колхоз өндірісінің тағдыры шешіліп жатқан жерлерде—егіс бригадалары мен мал фермаларында үнемі болып, бұқарамен тығыз байланыс жасайды, өзінің жұмысында әрбір колхозшы мен механизаторға дейін барып, олардың өндірістік белсенділіктерін арттырып отыруға тырысады. Мұның өзі колхоздардың экономикасын терең зерттеуге, шаруашылық және партиялық-саяси жұмыстарға нақтылы басшылық етуге көп мүмкіндік береді.

Жұмысты осылай ұйымдастырып отырған басқа да бірқатар нұсқаушылар тобын мысалға келтіруге болады. Бірақ, СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумында атап көрсетілгендей, біздің облысымызда да көптеген нұсқаушылар тобы әлі де ұйымдастыру кезеңінен шыға алмай келеді. Бірқатар жерлерде нұсқаушылар тобының қызметкерлері өздерінің бірінші дәрежелі міндеті— бұқара арасындағы ұйымдастыру және саяси жұмысқа жете көңіл бөлмейді. Ауылшаруашылық өндірісінің барлық саласын өркендету ісіне үстірт басшылық етеді.

Мәселен, Мамлют аудандық партия комитетінің соңғы пленумында Интернационал МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобының жұмысындағы кемшіліктер өділ сынады. Аудандық комитеттің секретары Қусаинова және ол басқарған нұсқаушылар «Заря коммунизма», Жданов атындағы колхоздарда сүт өндіру көрсеткіштерінің жоғары болуының, ал кейбір шаруашылықтарда бұл көрсеткіштің төмен болуының себебін білмейді. Топ қызметкерлері коммунистер мен комсомолецтердің мал шаруашылығында көпүнемі колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің арасында ұйымдастыру және саяси жұмыс жүргізулері керек. Колхоз, совхоздардың экономикасын терең зерттеп, өздерінің теориялық-идеялық білімдерін үзбей жетілдіріп отырған, өмірдегі жаңалықтарды қолдай білген басшы партия қызметкерлері ғана ұйымдастыру және саяси жұмысты жемісті жүргізе алады. Сондықтан топ қызметкерлері ауыл шаруашылығының экономикасын үздіксіз үйреніп отыруға, саяси білімдерін жетілдіре беруге міндетті.

Кадр мәселесі —нұсқаушылар тобы жұмысының өзекті буыны. Әрбір колхозды, бөлімшені, ферманы, бригаданы жұмысты ұйымдастыра алатын адамдардың басқаруына жетісу қажет. Әрине, бірден бір даяр кадрларды тауып ала қою қыйын, оларды практикалық жұмыс үстінде тәрбиелей өсіру қажет.

Нұсқаушылар тобы бастауыш партия ұйымдарын нығайтып, олардың ролін арттыру мәселесіне ерекше назар аударулары керек. Партия ұйымдарының секретарьларын, бригадалар мен фермалардағы партия топтарының ұйымдастырушыларын тікелей өндірісте, бұқара арасында партиялық жұмыстың әдістеріне үйретіп отыру қажет.

Кезір ауыл-селодағы партиялық-саяси жұмыстың өсері колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерін көктемгі егісті таяудағы күндері аяқтау, малдың жазғы жайылымын дұрыс ұйымдастыру, құрылыс жұмыстарының қарқынын күшейту, шөп шабу науқанына әзірлік және басқа осы сияқты шаруашылық міндеттерін ойдағыдай шешу міндетіне бағытталсын. Мұнда, әсресе социалистік жарыстың бұқаралылығы мен жариялығын қамтамасыз ету ісіне әрқашан назар аударып отыру қажет. Социалистік жарыс озаттарының табыстарын үнемі насихаттап, жалпының игілігіне айналдырып отыру керек.

Ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарта отырып, партия ұйымдары егіншілік пен мал шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі міндеттің ойдағыдай шешілуіне жетіседі. Әрине, бұл міндетті орындауда нұсқаушылар топтары үлкен роль атқарады.

Малды жайып семіртіп айдау

ГУРЬЕВ, (ҚазТАГ). Соңғы жылдарда облыстың озат колхоздары малды ет комбинаттарына жайып семіртіп айдап апаруды практикаға қолданып жүр. Өткен жылы Шевченко, Маңғыстау және Жылой аудандарының колхоздары ет комбинаттарына 1.662 сиыр малын, 38 мың қойды жайып семіртіп айдаған кезде, тірідей салмақпен есептегенде қосымша 5.316 центнер ет алды. Әрбір қойдың қосқан салмағы орта есеппен 8 килограмнан 12 килограмға дейін, ал сиыр малының қосқан салмағы 40 килограмнан 75 килограмға дейін жетті. Малдың қондылығын арттырғаны үшін колхоздарға 376 мың сом, ал айдап әкелгені үшін 1.261 мың сом қаржы берілді.

...естігісі келмей, кетуге асығып жүргені де осы.

Күтпеген жерден телефон шылдыр ете қалды. Директор мұны жанар майы жетіксіз болып, үш жарым тәулік бойы тоқтап тұрған Свицынның бригадасынан немесе үш тракторы бірдей сынып тұрған Клименконың бригадасынан шығар деп ойлап еді. Олай болмай аудандық жоспарлау бөлімінен болып шықты. Жоспарлау бөліміндегілер жүгерінің МТС бойынша белгіленген мөлшерін сұрап жатыр. Кейде жүгері егісі қашан басталады, қашан аяқталады деп те қояды. Осы кезде директордың маңдайынан тер бұрқ ете түсті, не айтарын білмей қатты қысылды ол.

МТС-те жүгері жөнінде сез бола бастағаны осы кез еді. Директордың сасқалақ...

...жүгері тұқымының егіс даласына кезінде жеткізілмеуінен сеялкалар ондаған сағат босқа тұрады. Бірақ бұған колхоз басшылары да қынжылмайды.

Директор Шишкин жолдас осы жағдайларды телефон арқылы естігісі де, колхоздарға барып кезімен көргісі де келмейді. Қыйыншылықтан бойын аулақ салып, колхоздан-колхозға аралап жүре бергісі келеді. Кеңседе болсам іске басшылық етпеді деп айтар деген оймен егіс даласында жүрумен өзінің кемшіліктерінің ізін жасырады. Іске мұндай басшылықтан не пайда?

МТС-тегі және оның аймағындағы колхоздардағы осындай елеулі олқылықтарды Октябрь ауданының басшылары біле ме екен, білсе бұған қалай төзіп отыр?

Т. ЕЛГЕЗЕКОВ.

...асы-қасында болып, шаршы-ұялы әдіспен ету техникасының өрескел бұрмалануын көре тұра бұл кемшіліктерге жол берді, сөйтіп, жұмыста үлкен ақау жіберді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқар-...мамандардың және барлық мамандардың аса маңызды міндеті деп есептейді. Сонымен бірге олардың бұл маңызды міндетті ойдағыдай орындауды қамтамасыз етуге жауапты екендіктерін ескертті.

ОЗАТ БРИГАДА

Преснов ауданы. Молотов атындағы колхоздың № 4 бригадасындағы механизаторлар мен егіншілер көктем егісін 8—10 жұмыс күні ішінде аяқтауға міндеттеме алған еді. Олар бұл міндеттемелерін аброймен орындап, 10 жұмыс күні ішінде 2500 гектар жерге тұқым себуді аяқтады. Трактор бригадасының бригадасы Жақиянов жолдас механизаторлардың жұмысты сағаттық график бойынша жүргізуді, олардың арасындағы социалистік жарысты дұрыс ұйымдастырды. Механизаторлар көктемгі егіс кезінде жанар, жағар майларды 4—5 процент үнемдеді. Олар да кезір басқа бригадаларға көмектесіп жүр.

Көктем егісі кезіндегі бригадада жұмыс істеген механизаторлар мен егіншілердің қажырлылықпен еңбек еткендіктері атап көрсетіліп, бригадаға Майбалық МТС-нің және Молотов атындағы колхоздың Ауыспалы жалаулары тапсырылды.

А. ИБРАГИМОВ.

БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕҢЕСІ

Алматыда байланыс қызметкерлерінің республикалық кеңесі болып, онда Қазақ ССР байланыс органдарының 1954 жылғы, үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанындағы жұмысының қорытындылары және таяудағы міндеттері туралы республика Байланыс министрі **А. А. Носков** жолдас баяндама жасады.

Қазақстанның көп мыңдаған байланысшылар коллективі халық шаруашылығын, мемлекеттік басқару органдарын және республиканың еңбекшілерін қамтуда маңызды және күрделі жұмыс атқаруда. Республика жағдайында тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты почтаның, телеграфтың, телефон мен радионың жоғары сапалы және үздіксіз жұмысы ерекше маңыз алып отыр.

Қазақ ССР Байланыс министрлігінің көсіпорындары байланысты өркендетуде, жаңа техниканы енгізуде және еңбекшілерді қамтуды жақсартуда кейбір жұмыстар істеді. Өткен жылы бұрын сым жолы байланыстары болмаған бес аудан орталықтарында линиялар салынды, қосымша 23 магистраль және облыс ішінде 65 байланыс жолдары ұйымдастырылды, 127 колхоз, 46 селолық Совет телефондандырылды. Тыңда ұйымдастырылған 74 астық совхозы радиоландырылды және 30 астық совхозы телефондандырылды. Автомобиль транспорты қамтыйтын почталық жолдарының ұзындығы екі есе ұзартылды. Тың жерлер игеріп жатқан аудандарда өткен жылдың басынан бері 253 жаңа почта бөлімшелері ашылды. Жазушылар арасында, сондай-ақ сату арқылы да газет және журналдар тарату ісі әдеуір ұлғайтылды.

Үстіміздегі жылы республикада байланысты өркендетудің кең программасы белгіленді. Күрделі құрылысқа қаржыны өткен бес жылмен салыстырғанда, екі есе көп жұмсау көзделіп отыр. 360 совхозды телефондандыру және 870 совхоз бен колхозды радиоландыру белгіленді. 10 мың километрден астам жаңа байланыс линиялары, 48 тұрғын және өкімшілік үйлері салынатын болады. Қазақстанның байланыс көсіпорындарына көмек көрсету үшін 180 инженер-техник қызметкерлері, 500 жоғары мамандығы бар жұмысшылар жіберіледі. Жаңа совхоздарда байланыс құралдарын салуда жүрген қызметкерлер үшін жалпы көлемі 2 мың шаршыметр құрастырмалы тұрғын үй және 30 жылжымалы вагоншалар бөлінді.

Кеңеске қатысушылар баяндаманы талқылауға белсене қатысып, байланыс орындарының жұмысындағы кемшіліктер туралы айтты, оны жою жөнінде ұсыныстар енгізді.

Республиканың Байланыс министрлігі күрделі жұмыстар жоспарын жылдан-жылға орындай алмай келеді. Республикада әлі күнге дейін алты аудан орталығында облыс орталығымен байланысатын сым жолы жоқ. 380-ге жуық селолық Совет пен 800-ден астам колхозда аудан орталығымен телефон байланысы болмай отыр. Жаңа астық совхоздарын телефондандыру жоспары орындалмады. Республиканың колхоздарын радиоландырудың өткен жылғы жоспары 80 процент ғана орындалды. Гурьев облысында радио жүйесі жыл бойына бар болғаны 70-ақ точкаға өсті. Батыс Қазақстан облысында колхоздарды радиоландыру жөніндегі тапсырма 40 процент, Оңтүстік Қазақстанда —34 процент ғана орындалды. Байланыс министрлігінің және оның жергілікті органдарының селоларды радиоландырута салақ қарайтындығына мынадай бір факті де дәлел. Тораптардың резервтегі қуатын пайдалану есебінен ғана қосымша жүздеген мың пәтерлерде радио байланысын жүргізуге болатыны анықталды. Бірақ бұлай істемей отыр. Көптеген облыстарда колхоз радиоторапта-рының қуатының небары 30-ақ проценті пайдаланылады. Селолық жерлерді радиоландыруда Қызылорда және Көкшетау облыстары өте артта қалып отыр. Радиоландыру ісінің артта қалуын байланысшылар репродукторлардың болмауынан деп дәлелдеуге тырысады. Бірақ өткен жылы республикаға 300 мың репродуктор әкелінді, ал радио жүйесі 30 мың радиоточкаға ғана ұлғайтылды.

Кеңеске қатысушылар почта және телефон байланысын ұйымдастырудағы көптеген кемшіліктерді атап көрсетті. Қалааралық байланыс линиясы, әсресе қысты күндері үздік-создық жұмыс істеді. Аппаратураның жөнделу сапасының төмен болуынан телефон байланысы біркелкі жұмыс істемейді. Әсресе селолық жерлерге почта уақытылы жеткізілмейді, белгіленген мерзімдері сақталмайды. Министрліктің және облыстық басқармалардың басшылары селолық жерлерде почтаның нашар жеткізілуін автотранспорттың жеткіліксіздігінен деп дәлелдейді. Соның өзінде олардағы автомобиль паркі нашар техникалық жағдайда ұсталады.

Ақмола облысы Николай Островский атындағы совхоздың почта байланыс бөлімшесінің бастығы **Костоглот** жолдас өзінің сезінде былай деді:

—Біздің совхоздың коллективі тың жерлерді игеруде зор жігермен жұмыс істеуде. Көктемгі егісті қысқа мерзімде өткізе отырып, совхоз кезір 20 мың гектардан астам дәнді дақылдар септі. Механизаторлардың қажырлы еңбегі біздерді Москвадан, Ленинградтан, Киевтен, Орелден, Брянскіден келген жаңадан қоныстанушыларды жақсы қамтуға міндеттейді. Совхоз поселкесі кезірдің өзінде-ақ бүтіндей қалашыққа айналды. Оның адресіне күн сайын жүздеген хат, телеграммалар, газеттер келіп жатады. Бірақ почта бөлімшесі өзіне жүктелген жұмысты атқара алмай келеді. Бөлімшеде бір ғана қызметкер бар, шағын бөлмеде жұмыс істейді, транспорт және аудан орталығымен байланыс жоқ. Соның салдарынан ол жұмысты үздік-создық істеуде. Өткен жылы бізде облыстық байланыс басқармасының бастығы Бердіқұлов жолдас келді, бірақ ол бізге көмек көрсете алмады.

Шығыс Қазақстан облыстық байланыс басқармасының бастығы **Брусиловский** жолдас Өскеменде байланыс үйлері құрылысына жұмсалатын қаржыны ұлғайту қажеттігі жөнінде мәселе қойды.

Республика Байланыс министрлігінің баспасөз тарату бөлімінің бастығы Овчарова жолдастың жұмысы қатты сынға алынды.

Селоға, әсресе алыстағы мал жайылымы участоктеріне, тың жерлерде ұйымдастырылған совхоздарға почта жеткізуісі мүлде қанағаттанғысыз.

Қазақ ССР Байланыс министрлігінің басшылары өз жұмыстарына сын көзбен қараса, жергілікті жерде жиі болып, озат қызметкерлердің үніне құлақ асса, бұл айтылған елеулі кемшіліктер орын алмаған болар еді.

Алматы байланыс басқармасының бастығы **Жақыпов** және басқа да шешендер республика Байланыс министрлігінің аппаратын жергілікті байланыс органдарына үстірт, жансыз басшылық жасағаны үшін сынады.

Кеңес халық шаруашылығын және республиканың еңбекшілерін байланыстың барлық құралдарымен қамтуды онан әрі жақсартуға бағытталған шаралар белгіленді.

Кеңестің жұмысына Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі **Қонаев** және ССРО Байланыс министрінің бірінші орынбасары **Сергейчук** жолдастар қатынасты.

(ҚазТАГ).

Өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі

18 майда Кремльдің Үлкен сарайында өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі өзінің жұмысын онан әрі жүргізді.

Первоуралск жаңа труба заводының (Свердлов облысы) мастері **Чурсинов** жолдаска сөз берілді. Ол өз бригадасының еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің сапасын жақсарту үшін қалай күресін отырғаны туралы айтты. Әрбір жұмысшы өз міндеттерін жақсы біледі және іскерлікпен орындап отырады. Прокатшылар слесарьлық істі үйреніп, кейбір жөндеу жұмыстарын өздері жүргізеді, ал бұл жұмыстарды бұрын слесарьлардың арнаулы бригадасы орындап келген болатын.

Біздің заводта, деді Чурсинов жолдас, брак әлі де өте көп жасалады. Оның көп болу себебі біздің оған қарсы күреспей отырғанымыздан емес, қайта көп жағдайда оны жою жолдарын білмейтіндігімізден. Жаңа технологияны жасау ісінде біз ғылми-зерттеу институттары тарапынан елеулі көмек көрсетілуі керек. Трубаларды прокаттаған кезде оның сапасын бақылап тұруға мүмкіндік беретіндей бақылау-өлшеу аппаратурасы қажет. Прокат стандарын, мәнерлер жабдықтары жұмысын мүмкіндігінше тезінен автоматтандырып, турбаларды мәнерлеудің үдемелі әдісін енгізу керек.

ССРО Ғылым академиясының мүше-корреспонденті **Емельянов** жолдас Совет Одағының атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану ісінде жеткен табыстарымен байланысты өнеркәсіп өндірісін жетілдіру үшін зор мүмкіндіктер ашылып отырғаны туралы айтты. Жаңа энергетика үшін негіз қаланып қана қойған жоқ, сонымен бірге алуан түрлі радиоактивтік изотоптар жасауға және пайдалануға мүмкіндік туғызылып отыр. Мысалы, Куйбышев, Горький және Сталинград электр станцияларының құрылысында топырақ сорғыш машиналарда радиоактив кобальті қондырылған приборлар қолданыла бастады, мұның өзі машиналардың жұмыс өнімділігін 20 процент арттыруға мүмкіндік берді. Изотоптарды кеңінен пайдалану көптеген технологиялық процестерді түбірінен өзгертуге жол ашады, жаңа ғылми принциптер негізінде аппаратура мен приборлар жасауға мүмкіндік береді.

Химия өнеркәсіп министрі **Тихомиров** жолдас ауыр индустрияның белгілі табыстарға жеткен осы маңызды саласында әлі де ірі кемшіліктер бар екенін атап көрсетті. Халық шаруашылығының химия өнімдерінің көптеген түрлері жөніндегі тілектері әлі де толық қанағаттандырылмайды. Соңғы жылдары тыңайтқыштар мен ірі химикаттар өндірудің арта түскеніне қарамастан, ауыл шаруашылығы буларды қажетті мөлшерде ала алмай келеді. Автомобиль өнеркәсібіне керекті шиналар, пластикалық бұйымдар аз шығарылуда. Өнімнің жеке түрлерінің сапасын едәуір жақсарту керек болып отыр.

Тихомиров жолдас өндіріс қуатын ұлғайту және өнім шығаруды арттыру үшін химия өнеркәсібінде зор резервтер бар екенін көрсететін бірқатар мысалдар келтірді. Бұл резервтерді іске қосу үшін инженерлердің, техниктердің және өндіріс озаттарының мүмкіндігінше көп бөлегін осы іске жұмылдыру керек.

Москваның Серго Орджоникидзе атындағы станок жасау заводының болат жонушы жаңашылы **Лаврентьев** жолдас мынаны хабарлады: бұл кәсіпорынның жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері соңғы уақытта заводтың жұмысын жақсартуға бағытталған 150-ден аса ұсыныстар енгізді. Жұмысшылар, әсресе көзіргі станоктарды жетілдіру ісіне елеулі маңыз беріп отыр. Мұның қаншалықты пайдалы екенін мынадан-ақ көруге болады: болат жонатын екі станокты ғана жетілдірудің өзі олардың шаппаңдығын екі есе арттырды. Заводтың конструкторлары рационализаторлық ұсыныс ретінде токарьлық станоктарға қондырылатын гидрокоперавальдық тетік жасады, мұның өзі буылтық біліктер мен катонды болшектерді токарьлық станоктың қандайында болса да 2-3 есе шаппаң өндеуге мүмкіндік береін отыр.

Металлургия заводтары жобалау жөніндегі институттың сектор бастығы **Андоньев** жолдас өзінің сөзін жобалау институттарының жұмысын ұйымдастыру мәселелеріне арнады. Қара металлургияның жобалау институттары, деді ол, өндіріске талдау жасаумен мүлде дерлік шұғылданбайды, осының салдарынан пештердің конструкциясын жетілдіру саласындағы барлық жұмыстарды заводтардың өздері жүргізін келеді. Жобалау институттарын жобалау-зерттеу институттары етіп қайта ұйымдастыру қажет, бұл институт өздері жасап берген агрегаттардың жұмысына талдау жасап, оны бақылап отыруға міндетті.

Златоуст металлургия заводының директоры **Перцев** жолдас өзінің сөзінде ССРО Қара металлургия министрлігінің жұмысындағы кемшіліктерді атап көрсетті. Министрлік заводтардың басшыларымен үнемі араласып, байланыс жасап отырмайды. Министрліктер мен жеке заводтардың алдында тұрған аса маңызды міндеттерді талқылау үшін министрлік кәсіпорындардың директорларын, инженерлерді, өндіріс озаттарын жыйнап, олармен кеңесін тұруға тиіс.

Шешен Златоуст заводының болаттың 200-ден аса маркасын шығарып отырғанын және оған көлемі жағынан ұсақ-брак өндірісте қыйыншылық туғызатын заказдар берілін жүргенін қолайсыз деп санайтынын айтты. Перцев жолдас металлургия кәсіпорындарында техникалық жаңалықтардың баяу енгізілін отырғанын атап көрсетті.

Көпшілік тұтынатын өнеркәсін товарлары жұмысшылары кәсіподағының Орталық Комитетінің председателі **Нефедова** жолдас кәсіподақ ұйымдарының өнеркәсіпті онан әрі өрге бастыру жөніндегі жұмысқа қатысуы туралы айтты. Фабрика-завод комитеттері шаруашылық басшыларымен бірлесе отырып, еңбек өнімділігін арттыруға, кәсіпорындардың жұмысын жақсартуға бағытталған зор ұйымдастыру жұмысын жүргізеді. Шешен озат тәжрибені насихаттау және енгізу ісіндегі кемшіліктерді атап көрсетті. Кәсіпорындарда бұл мәселемен, әдетте, кадрлар жөніндегі қызметкерлер немесе еңбек бөлімдері шұғылданады да, өндірісшілер—цех бастықтары, технологтер, лаборатория инженерлері, көбінесе қалтарыс қалады. Озат кәсіпорындардың тәжрибесін артта қалушы кәсіпорындарға тарату жұмысы нашар ұйымдастырылып отыр.

Нефедова жолдас сөзінің едәуір бөлегін жұмысшы әйелдердің еңбегі мен тұрмысы мәселелеріне арнады.

Кеңесте оған қатысушылар жылы шыраймен қарсы алған Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Бірінші Секретары **Н. С. Хрущев** жолдас ұзақ сөз сөйледі.

Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың сөзі

—Біздің өнеркәсін жұмысының мәселелері жөнінде өзімнің ескертпелерімді айтудан бұрын,—деді Хрущев жолдас,—менің ауыл шаруашылығындағы жағдайды сипаттайтын кейбір цифрлар мен фактілер келтіргім келеді. Партияның ауыл шаруа[illegible] туралы қарарлары мал шаруашылығын өрге бастырудың қуатты құралы екендігі практикада дәлелденді. Быйыл жүгері егісі зор көлемде және күшті қарқынмен жүргізілуде. 1954 жылғы 3,5 миллион гектардың орнына 16 миллион гектар жүгері егуге ұйғарылып отыр. 15 майға дейін жүгері өткен орындалады деп кәзірдің өзінде-ақ айтуға болады. Бұл нені көрсетеді? Бұл Коммунистік партия мен Совет үкметінің басшылығымен біздің жұмысшы табының, колхозшы шаруалардың және советтік интеллигенцияның қандай жанқыярлықпен еңбек етіп отырғанын көрсетеді.

Хрущев жолдас құрылыста, өндірістің басқа да салаларындағы сыяқты, істің экономикалық жағына көбірек көңіл болу қажет екенін атап көрсетті.

Ал бізде қаншама металл жоңқаға орынсыз кетеді десеңізші! Мұның өзі біздің көптеген шаруашылық қызметкерлерімізді керенаулығы салдарынан болып жүр, олар өндірісті жетілдіру, металдың ысырабын толық дерлік жоюға мүмкіндік беретін жаңа технологияны енгізу ісіне қамқорлық жасамайды. Кәзіргі заманғы техника бұған зор мүмкіндік беріп отыр. Штампаланған және соғып жасалған жабдықтарды кеңінен қолдану, дәлме-дәл құю әдісін енгізу және басқа көптеген техникалық құралдар қолдану жоңқаны мейлінше азайтуға мүмкіндік береді.

Ал іс жүзінде қайсы бір соғылған кесек металдың салмағы 10 килограмм болады да, одан жасалған бөлшектің салмағы бір-ақ килограмм болады. Демек, 9 килограмм металл жоңқаға кетеді. Соның өзінде токарьлардың, фрезершілердің көп еңбегі, көптеген электр қуаты жұмсалады, жабдықтар тиімсіз пайдаланылады.

Хрущев жолдас бұдан кейін прокаттың ассортиментін ұлғайту қажет екені туралы айтты. Егер прокаттың калибрі, көлемі, сондай-ақ сапасы жағынан неғұрлым мол ассортименті өндірілетін болса,—деді ол,—онда көп металл үнемдеуге болады.

Өнеркәсіпті онан әрі өркендету үшін өндірісті арнап бейімдеудің, кәсіпорындар мен өнеркәсін салаларын кооперациялаудың орасан зор маңызы бар. Әрбір министрлік өндірісті тұйықтап, өз министрлігі кәсіпорындарының шеңберінде ғана жүргізгісі келеді. Ал мұның өзі, әсресе біздің социалистік жағдайымызда, дұрыс емес. Міндет—өндірісті арнап бейімдеу және кеңінен кооперациялау жолына түсуде болып отыр. Кооперациялау жұмысы министрліктің ішінде ғана емес, сонымен бірге министрліктер арасында да жүргізілуге тиіс. Арнап бейімделген заводтар салу жоғары сапалы және неғұрлым арзан өнеркәсін буйымдарын жаппай шығаруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл істегі майдагерлікті тезірек жоюға жағдай тудырады.

Станок жасау өнеркәсібін өркендетуге, аспаптар мен тетіктер өндіруге,—деді Хрущев жолдас, — көп көңіл бөлу керек. Біз өндіріс техникасын барынша жетілдіріп, өнеркәсіптің барлық салаларын ең жаңа жабдықтармен үздіксіз толықтырып отыруымыз керек. Біз мұны тек біздің станок жасау және аспап жасау өнеркәсібіміз өзінің дамуында өнеркәсіптің басқа салаларының өркендеуінен озық болған күнде ғана істей аламыз. Станок өбден жарамсыз болғанға дейін онымен жұмыс істей беруге, тек осыдан кейін сына және ағымдағы жоспарлау мәселелерімен шұғылдануға тиісті Экономикалық комиссияға беру туралы жуырда қабылданған қарардың маңызын атап көрсетті. Бұл екі орган бір-бірін толықтырып отыруға тиіс. Біз перспективалы жоспарсыз өмір сүре алмаймыз, біз сонымен бірге ағымдағы жоспарсыз да өмір сүре алмаймыз.

Бізге халық шаруашылығын өркендетудің бір жылға ғана емес, тіпті бір бесжылдыққа ғана емес, сонымен бірге анағұрлым ұзақ мерзімге арналған жоспарлары керек. Бірқатар салалар жөнінде, әсресе энергетика жөнінде 10-15 жылға арналған перспективалы жоспарлар жасау керек.

Перспективалы жоспарларды кім жасауға тиіс? Мұны ғылми институттардың көмегімен Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы жасауға тиіс. Неғұрлым ұзақ мерзімдерге жасалған жоспарлар совет адамдарын коммунизм жолымен алға басудың айқын перспективасымен қаруландырады, өнеркәсіптің қайсыбір салалары жөнінде халықтың жан басына қарай өнім өндіру жағынан неғұрлым өркендеген капиталистік елдерді біздің қандай мерзімдерде басып озатынымызды көрсетіп отырады.

Бізге Мемлекеттік жоспарлау комиссиясымен қатар Экономикалық комиссияның керегі не, деп сұраушылар болуы мүмкін. Экономикалық комиссия бізге халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарларын орындау ісіне барлық материалдық, техникалық резервтер мен еңбек резервтерін жақсы ойластырып, пайдалану үшін керек. Ағымдағы жоспарлау ісін жүзеге асыруда да мейлінше икемділік көрсетіп, іске творчестволық көзбен қарау керек. Мұның қажет болатын себебі сол, мейлінше мінсіз жасалған жоспардың өзінде де оны орындаушы барысында, жоспарлы тапсырмаларды толық және асыра орындайтын еңбекшілердің творчестволық инициативасы мен белсенділігінің өріс тауы арқасында түзетулер енгізіледі.

Хрущев жолдас министрліктер басшыларының жоспарларды жасау және орындау үшін, озат тәжрибені қорытып, тарату үшін жауапкершілігін арттыру қажет екенін атап көрсетті.

Министрдің жақсы инженер-инспекторлары болуы керек Ол солардың көмегімен заводтарда жұмыстың ұйымдастырылуын, өндіріс технологиясын неғұрлым терең зерттей алады, станоктар жабдықтарын зерттей алады, жеке салаларындағы еңбектің озат тәсілдерін зерттеп, қорытып, бұл тәсілдерді бір заводтан басқа заводқа таратып отыра алады. Министрлер істі ұйымдастырғанда, жаңа, озат істің бәрі мейлінше кеңінен таратылып, жалпы жұрттың игілігіне айналатындай етіп ұйымдастыруға міндетті. **(Қол шапалақ-**

Қару-жарақты азайту, атом қаруына тыйым салу және жаңа соғыс қатерін жою мәселелері жөнінде Совет үкметінің жуырда барша халыққа жарияланған ұсыныстары бейбітшілік ісіне қосылған ірі үлес болып табылады.

Агрессияшыл топтар, жаңа соғыс әзірлеуді көздеген саясатын жүргізе отырып, соғыс блоктерін ұйымдастыруда, жанталаса қаруландыруда, халықтарға атом соғысының қатерін төндіруде, герман милитаризмін қалпына келтіруде және халықтардың бейбіт өміріне қарсы бағытталған басқа да бірқатар шаралар жүргізуде. Совет Одағының ұсыныстары империалистік күштердің арам ниеттері мен жоспарларына жаңа соққы болып тиеді. Бұл ұсыныстардың ерекше зор маңызы мынада болып отыр—қару-жарақты азайту, атом қаруына және жаппай қырып-жоятын басқа қаруға тыйым салу ісін практика жүзінде ілгері бастыру үшін, жаңа соғыс қатерін жою үшін бұл ұсыныстар нақты негіз тудыруда, ал халықтар мұны жан-тәнімен тілеп отыр.

Осы фактілердің бәрі біздің халықаралық қатынастар саласындағы саясатымыздың ұлы Ленин бізге өсиет етіп қалдырған мызғымас принциптерге негізделіп отырғанын айқын көрсетеді.

Әртүрлі әлеуметтік системалардың бейбіт қатар өмір сүруі мүмкін және қажет екенін мойындау советтік сыртқы саясаттың түбірлі принципі болып табылады. Тек осы принципті басшылыққа алғанда ғана, барлық елдер арасында бірқалыпты қатынастар мен іскерлік ынтымақ орнатуға болады.

Ал «күш көрсету тұрғысынан» саясат жүргізіп отырғандардың мұны қасарысып түсінгісі келмейді. Олар қарапайым нәрсенің өзін, тіпті Совет мемлекетінің өмір сүруінің алғашқы жылдарында-ақ, біз әлі соншалықты әлсіз болған кезде, В. И. Ленинніңсовет халқын империалистердің қыр көрсетуінен үрейленбей, оларға күйрете тойтарыс беріндер деп үйреткенін ұмытып отыр. Ленин 14 мемлекеттің интервенциясына қарсы совет халқының күресін басқарып, біздің халқымыз бұл күресте жеңіп шықты. Ал кәзіргі уақытта, Совет Одағы қуатты индустриялы мемлекет болып отырған кезде, «күш көрсету тұрғысынан» жүргізілетін саясаттың толығымен күйрейтіндігі шынында да айқын ғой.

Н. С. Хрущев бұдан кейін былай деп атап көрсетті: халықаралық шиеленісті бәсеңдету және бейбітшілікті баянды ету үшін ССРО мен Югославия Республикасы Үкмет делегацияларының Белградта болатын алдағы кездесуінің зор маңызы бар. Совет халқының делегациясы Белградқа адал пейілімен және кіршіксіз таза жүрегімен барады. ССРО мен Югославия Федерациялық Халық Рес-

рының өте зор маңызы бар. Партияның Орталық Комитетінің январь Пленумы алға қойған міндеттерді, қарарда белгіленгеніндей, алты жылда емес, қайта үш-төрт жылда шешуге болады деп толық негізбен айтуға болады. **(Ұзақ қолшапалақтау).**

Астық шаруашылығы жөніндегі кейбір цифрлар мынадай. Жұртқа мәлім, астық шаруашылығын өрге бастыру және осының негізінде мал шаруашылығын өрге бастыру Орталық Комитет Пленумының қарарларында алға қойылған басты міндет болып табылады.

Жоспарда дәнді дақылдардың егіс көлемін үстіміздегі жылы 1953 жылғымен салыстырғанда 18 миллион 587 мың гектар ұлғайту көзделді. Бірақ мен колхоздар мен совхоздар бұл жоспарға, оны ұлғайту жағына қарай аздаған өзгерту енгізеді деп сенемін. Жоспардың асыра орындалатыны даусыз. Бізде өткен жылы жоспарға белгіленген 13 миллион гектардың орнына 17 миллион гектардан аса тың және тыңайған жерлер көтерілген болатын.

Ал осыған көктемде жыртылған 2 миллион гектар жерді қосатын болсақ, мұның өзі тек тың игерудің есебінен ғана шамамен 20 миллион гектар егін егіледі деген сөз. Ал егер біз әр гектардан тіпті 60 пұттан астық жыйнағанның өзінде де еліміз қосымша 1 миллиард 200 миллион пұт астық алады. Мұны біздегі бұдан бұрынғы астыққа қосатын болсақ, мұның өзі шағын цифр емес. Міне бұған біз қуануға тиіспіз.

Біз егіс көлемін осындай шаншаң ұлғайтуға және астық шаруашылығын өркендету үшін берік негіз қалауға неғұрлым арқасында жеттік? Біз бұған,—деді Н. С. Хрущев жолдас,—мынаның арқасында жеттік: біздің қуатты социалистік индустриямыз тың жерлер игерілген аудандарды жақсы машиналармен жеткілікті мөлшерде жабдықтады. Бұл біздің жұмысшы табының, біздің колхозшы шаруалардың қанармандық еңбегі арқасында, партияның шақыруы бойынша комсомолдың тың жерлерге өзінің сан мыңдаған таңдаулы адамдарын жіберуі арқасында мүмкін болды.

Былылғы көктемнің кеш басталғанына қарамастан, көктемгі егіс өткен жылғыдан едәуір жақсы жүргізілуде. 15 майға дейін еліміздің колхоздары мен совхоздарында, өткен жылғы осы кездегіден: дәнді дақылдар 16 миллион 300 мың гектар, соның ішінде бидай—11 миллион 750 мың гектар артық егілді.

Бізде жүгері егісі мықтап ұлғайтылуда. Колхоздар мен совхоздар бұл істе зор белсенділік көрсетіп отыр, ал өте көп нәрсе солардың белсенділігіне байланысты. Жүгері ауылы осы кездегіден 4,5 миллион гектар артық егілді.

Аудандардың көпшілігінде быйыл климат жағдайы жақсы, барлық жерде де ылғал жеткілікті. Егер кендей бір кездейсоқ жағдай кенеттен туа қалмаса (ал табиғатта мұндай жағдай жиі болып тұрады), үстіміздегі жылы егіннен жақсы өнім алынады деп күтуге барлық негіз бар.

Мал шаруашылығы саласында да кейбір нәтижелерге қол жетіп отыр. Деректер мынаны көрсетеді: соңғы жеті айдың ішінде сауылған жалпы сүт 1953-54 жылдың осы кезімен салыстырғанда 840 мың тонна, яғни 29 процент, ал 1952-53 жылғыдан 1 миллион 424 мың тонна, яғни 60 процент артық болды. 1955 жылғы 10 майға дейін дайындалған және сатып алынған сүт 1954 жылдың сол кезіндегіден 22 процент асып түсті.

Бұл табыс партияның мал шаруашылығын өркендетуде колхозшылардың материалдық ынтасын арттыра алғандығының, олардың инициативасын өрістетіп, ауыл шаруашылығын өркендетуге партия ұйымдарының назарын баса аударғандығының, машина-трактор станцияларын кадрлармен нығайтқандығының нәтижесі болып табылады.

Астық шаруашылығы мен мал шаруашылығы жөніндегі бұл деректер,—деді Н. С. Хрущев жолдас,—партияның Орталық Комитетінің январь Пленумы қарарларының ойдағыдай жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді. Бұдан, әрине, кәзір ауыл шаруашылығына көңіл бөлуді бәсеңдетіп, істі өз бетімен жіберуге болады деген ұғым тумайды. Біз ауыл шаруашылығын өрге бастыру жолындағы күресте қажырлы қайратымызды бұдан былай да көрсетуге, істің ұйымдастырылуын жақсартып, оны ілгері бастыра беруге тиіспіз. Біздің мақсатымыз—социалистік ауыл шаруашылығы халықты тамақ өнімдерімен, ал өнеркәсіпті шикізатпен молынан қамтамасыз ететіндей жағдайға жету. Бұл міндетті шешу үшін бізде барлық мүмкіндіктер бар.

Хрущев жолдас бұдан кейін өнеркәсін мәселелеріне тоқтады.

Біздің өнеркәсіп мәселелерін осындай кеңінен талқылап отырғанымызды көріп, жаулардың бізде зор қыйыншылықтар бар екен, өнеркәсіптегі жағдай жақсы емес көрінеді деп айтулары мүмкін. Бұл, әрине, шындыққа сай келмейді. Біз бұдан да жақсы болуды көздеп отырмыз, ал жақсы нәрсеге шек жоқ. Сондықтан біз халық шаруашылығын өркендетудің қайсы бір мәселелерін оқтын-оқтын қойып, талқылап отырамыз.

Біздің өнеркәсібіміз жұмысты қалай істеп отыр? Ол жұмысты ойдағыдай істеп отыр. Бесінші бесжылдық жоспар асыра (Ұзақ қолшапалақтау).

Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңістерге жетті. Коммунистік партияның сара жолын жүзеге асыру нәтижесінде еліміз бұрынғы артта қалған, аграрлы елден алдыңғы қатарлы индустриялы колхозды державаға айналды.

Маркстің -Энгельстің-Ленинніңі-Сталиннің ілімін басшылыққа ала отырып, совет халқы социализм орнатты және коммунизм жолында сенімімен алға басып келеді. Біздің міндетіміз—Совет Одағының қуатын бұдан былай да нығайта беру, халық шаруашылығын, ең алдымен ауыр индустрияны өркендете беру және осының негізінде жеңіл өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын өрге бастырып, халықтың өлауқатын ұдайы жақсарта беруге күш салу. Біздің міндетіміз—жұмысшы табы мен шаруалардың туысқандық одағын, еліміздің халықтарының ұлы достығын мейлінше нығайта беру. Біздің партиямыз өзінің бүкіл жұмысында осыны басшылыққа алып келеді.

Хрущев жолдас біздің өнеркәсіпте орасан зор резервтер бар екенін, бірақ осы резервтердің әлі де нашар пайдаланылып отырғанын атап көрсетті. Бұл туралы осы кеңесте шығып сөйлеушілердің бәрі әділ айтты. Партияның Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі біздің социалистік индустриямызды онан әрі өрге бастыру жөнінде белгілеп берген шараларды кеңеске қатысушылар бірауыздан қолдап отыр.

Өндірісті жақсы ұйымдастырған күнде, біз кәзіргі өндіріс алаңдарында, сол жабдықтардың өзімен өнеркәсіп өнімін шығаруды едәуір арттыра аламыз. Металды жақсы пайдаланған күнде, біз металл-бұйымдар шығаруды біржарым-екі есе арттыра аламыз. Хрущев жолдас көптеген нақты мысалдар келтіре отырып, бізде металдың көп жағдайда орынсыз пайдаланылып отырғанын көрсетті.

Осы уақытқа дейін өнеркәсіп орындарын салған кезде темірбетон аз пайдаланылып келеді, оның өзі металл конструкцияларға металдың көп мөлшерде тиімсіз жұмсалуына әкеліп соқтыруда. Кейбір құрылысшылар металл конструкцияларды кеңінен пайдаланылуын құрылысты берік және шаншаң салу қажеттігімен ақтауға тырысады. Ал құрылыстың беріктігіне келетін болсақ, тіпті біздің ата-бабаларымыздың ұлы Иванның шіркеу мұнарасын металл конструкцияларды қолданбай-ақ салғаны, бұл шіркеудің беріктігіне кәзіргі заманғы көптеген құрылысшылардың қызығуына болатындығы жұртқа мәлім. Ал енді құрылыстың мерзіміне келетін болсақ, мұнда істі дұрыс ұйымдастырған күнде, темірбетон қолдану ең жақсы нәтижелер бере алады.

ғана оны ауыстыруға немесе жетілдіруге болмайды.

Бірінші дәрежелі жабдықтарымыз болу үшін, біз өзіміздің станок жасау өнеркәсібімізді барынша өркендетіп отыруға, конструктор бюролардың, ғылми институттардың жұмысын жақсартуға, жаңа станоктар, машиналар жасау ісіне таңдаулы конструкторлар мен өнертапқыштарды қатыстырып отыруға тиіспіз. Олардың творчестволық жұмыс істеуіне жағдай туғызу керек.

Әрине, біз жаңа өнеркәсіп орындарын бұдан былай да салуға тиіспіз. Бірақ бұл кәсіпорындарды ойластырып салу керек, өнеркәсіптің ұлғайтуды керек етіп отырған салаларын көтеріп, ұлғайтып отыру қажет. Егер біз станок жабдықтарын жаңарту, жаңа техниканы енгізу сыяқты өндірісті ұлғайтудың осындай резервтерін пайдаланбасақ, мұның өзі кешіримес күнә болар еді. Мұның өзі де өндірісті ұлғайту, бірақ күш-қаражатты аз жұмсау арқылы ұлғайту деген сөз.

Хрущев жолдас өзінің сөзінде жоспарлау мәселелеріне көп көңіл бөлді. Біз өндірісті, деп атап көрсетті ол, бүкіл елдің көлемінде ғана емес, сонымен бірге жеке экономикалық аудандар бойынша да жоспарлап, олардың барлық мүмкіндіктерін неғұрлым толық пайдалануымыз керек.

Кәзір әрбір дерлік заводта өзінің, нашар да болса өзінің, құю цехы бар. Ал аудандық құю заводтарын жасауға неге болмайды, мұндай заводтар жақсы механикаландырылып, тұтас өнеркәсіп аудандарын қамтыған болар еді.

Сонымен қатар арнап бейімделген техниканың ең соңғы табыстары негізінде ұйымдастырылған, әртүрлі дизельдер жасайтын бірнеше завод салу керек.

Халықтың көпшілік тұтынатын товарлар жөнінде өсіп отырған тілектерін қанағаттандыруда жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясы маңызды роль атқаруға міндетті. Бұл өндірісті орталықтандыру және шоғырландыру ісін жүзеге асырып, жергілікті өнеркәсіп орындарын жаңа техникамен жабдықтау қажет. Оларға жаңа озат технологияны енгізу қажет, міне сонда біз жергілікті өнеркәсіптен бағасы арзан және сапасы жоғары көпшілік тұтынатын заттарды екі-үш есе артық алатын боламыз. Бұл біздің халық тұтынатын қажетті товарлар мен халықты қамтамасыз ету ісін жақсартуымызға мүмкіндік береді. **(Қолшапалақтау).**

Әрине, бұл үшін кейбір мөлшерде қаржы жұмсауға тура келеді, бірақ бұл қаржының орны тез арада-ақ толтырылатын болады.

Жоспарлау ісін жақсарту міндеттерін сипаттай келіп Хрущев жолдас Мемлекеттік Жоспарлау Комитетін перспективалы жоспарлау мәселелерімен шұғылдануға тиісті Мемлекеттік жоспарлау комиссия-

тау).

Техникалық прогресс жолындағы, еңбек өнімділігін арттыру және өнімнің өзіндік құнын кемітуі жолындағы күресте өнеркәсіптің алдында тұрған міндеттермен байланысты, Хрущев жолдас Мемлекеттік бақылау министрлігінің және жаңадан құрылғалы отырған Мемлекеттік техника комитетінің ерекше ролін атап көрсетті. Мемлекеттік бақылауды, —деді Н. С. Хрущев,—көбінесе өндірістік жолға түсіріп, оны өсу жағынан неғұрлым толық пайдалану керек.

Хрущев жолдас өз сөзінің едәуір бөлегін еңбек өнімділігін арттыру, еңбекті нормалау, жалақы төлеу, өнімнің сапасын жақсарту және оның өзіндік құнын кемітуі мәселелеріне арнады.

Хрущев жолдастың сөзінде министрліктердің, ведомстволардың және кәсіпорындардың басқару аппаратындағы бюрократтық ысырапқорлық қатты сыналды.

Өнеркәсіп саласындағы міндеттерді сипаттаған сөздерін аяқтай келіп, Н. С. Хрущев өнеркәсіп орындары партия ұйымдарының өнеркәсіпті өсіріп, жетілдіре беру үшін, мемлекеттік жоспарларды орындау үшін жауапкершілігі зор екенін айтты. Егер өнеркәсіп саласында жұмыс істейтін біздің көптеген кадрларымыз, біздің партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарымыз істі шын мәнісінде қол алып, бұқараның творчестволық белсенділігін басқаратын болса, социалистік индустрия бұрынғыдан анағұрлым күшті қарқынмен өркендеп, іс үсті-үсті еселеген жаңа табыстарға жете беретін болады.

Н. С. Хрущев бұдан кейін халықаралық жағдайдың кейбір мәселелеріне тоқталды. Ол тәуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы жуырда Вена да қол қойылған Мемлекеттік Договордың орасан зор маңызын атап көрсетті.

Совет Одағының инициативасы бойынша қол жеткен Австрия мәселесінің шешілуі халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету ісіне, бейбітшілікті нығайту ісіне қосылған елеулі үлес болып табылады.

Буржуазиялық насихат Совет Одағының бүкіл Европаны басып алғысы келеді-міс деп, өршелене және қасақана даурығуда. Ал біз Австрия договорын жасасқан кезде барлық әскерлерді, соның ішінде совет әскерлерін де Австрияның территориясынан әкетуді ұсындық. Совет Одағының Европаны басып алатын да, тіпті жалпы алғанда соғыс жүргізетін де ойы жоқ екендігін дәлелдеу үшін бұдан гөрі анағұрлым күшті қарқынмен өркендеп, іс үсті-үсті еселеген жаңа табыстарға жете беретін болады.

Н. С. Хрущев бұдан кейін халықаралық жағдайдың кейбір мәселелеріне тоқталды. Ол тәуелсіз және демократиялық Австрияны қалпына келтіру туралы жуырда Вена да қол қойылған Мемлекеттік Договордың орасан зор маңызын атап көрсетті.

Совет Одағының инициативасы бойынша қол жеткен Австрия мәселесінің шешілуі халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету ісіне, бейбітшілікті нығайту ісіне қосылған елеулі үлес болып табылады.

Буржуазиялық насихат Совет Одағының бүкіл Европаны басып алғысы келеді-міс деп, өршелене және қасақана даурығуда. Ал біз Австрия договорын жасасқан кезде барлық әскерлерді, соның ішінде совет әскерлерін де Австрияның территориясынан әкетуді ұсындық. Совет Одағының Европаны басып алатын да, тіпті жалпы алғанда соғыс жүргізетін де ойы жоқ екендігін дәлелдеу үшін бұдан гөрі анағұрлым күшті айғақты келтіріп жатудың қажеті бола қояр ма екен. Егер ол шабуыл жасауға қамданып отырса, онда оның әскерлерін әкететін кім болмақшы екен. Біз Европадағы, сондай-ақ бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісінің ең дәйекті және ең батыл жақтаушылары болып келдік, бола береміз де.

республикасы арасындағы қатынастарды толығымен бірқалыпқа келтіруді, ең алдымен мемлекеттік мәселе жағынан қамтамасыз ету үшін бізде қажетті жағдайдың бәрі бар.

Біз мемлекет арасында бірқалыпты қатынастар орнату үшін кең праволылық және бір-бірінің ішкі істеріне араласпау принципін қолдану қажет деген көзқарасты берік ұстап келеміз. Ал біз осы негізде Югославиямен баянды және достық қатынастар орната аламыз ба? Әбден орната аламыз.

Бұдан соң. Біз Югославиямен сауданы және басқа экономикалық қатынастарды өзара тиімді шарттармен өркендете аламыз ба? Бұл екі елге де тиімді бола ма? Мұндай қатынастарды өркендете алатынымыз сөзсіз. Мұның тиімді болатыны да сөзсіз.

Ғасырлардан келе жатқан достық дәстүрлері бар және ортақ жауларға қарсы талай рет бірлесіп шайқасқан Югославия мен Совет Одағы халықтарының, ең жақсы болашақ жолындағы, бақытты тұрмыс жолындағы күресте ортақ мақсаттарды көздеп отырған халықтардың,—міне осы халықтардың кең көлемде және жан-жақты ынтымақтасу үшін берік негізі бар екендігіне біз кәміл сенеміз. Мұндай ынтымақ, деді Н. С. Хрущев, совет және югослав халықтары үшін ғана маңызды емес. Мұндай ынтымақ бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік ісі үшін де маңызды.

Жолдастар! Ұлы Ленин орнатқан Советтік Социалистік мемлекет нығайып, табыстан-табысқа жетіп келеді. Біздің табыстарымыз үсті-үстіне еселеп арта түсуде. Егер біз өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, мемлекеттік құрылысқа, сыртқы саясатқа басшылық ету саласында өзіміздің алдымызда тұрған барлық міндеттерді шешуге байсалдылықпен, большевиктерше, Ленинше қарайтын болсақ, бұл табыстар анағұрлым арта түсетін болады.

Коммунистік партияның, оның Орталық Комитетінің басшылығымен, Үкметіміздің басшылығымен совет адамдары коммунизм орнатудың ұлы міндеттерін жүзеге асыру жолында бұрынғыдан да зор жігермен күресе береді. **(Ұзақ қолшапалақтау, барлығы да орындарынан тұрды).**

* * *

Председательдік етуші—ССРО Министрлер Советінің Председателі **Н. А. Булганин** жолдас кеңесте 49 адам шығып сөйлегенін хабарлады. Жарыссөзді тоқтату туралы қаулы алынды.

Бұдан кейін кеңеске қатысушылар Совет Одағы өнеркәсібінің барлық жұмысшылары мен жұмысшы әйелдеріне, инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілеріне бірауыздан Үндеу қабылдады.

Осымен өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі жабылды деп жарияланды.

(СОТА).

Жазғы жайылымды дұрыс ұйымдастыру—мал өнімділігін арттырудың басты шарты

☆ ☆ ☆ ☆

Малдың өнімділігін арттыру жолында

Әдетте малшаруашылық жылында қысқы мерзімді ерекше жауапты кезең деп атайды. Ол орынды да. Өйткені малдың түгелдей қолға қарайтын, өрі жылы орын, өрі құнарлы азықты керексінетін кезі—қыс.

Осылай болғандықтан біз малдың жазғы жайылымына, мал азығын дайындауға ерекше назар аударамыз. Бізде 243 сауын сыйыр бар. Олар жаз үш табынға бөлініп бағылады. Көзір бақташылар іріктеліп алынды. Жайылымды өріс- өріске бөліп, әр өрісте қанша мал жаю, оны неше күн пайдалану керектігін белгіледік. Осымен қатар әр өріске малды кезекпен жаю тәртіпке келтірілді.

Жазғы мал жайылымының берекесі — суға бай болуында. Бұл жөнінде біздің жердің ерекше өзгешелігі бар. Барлық өрістє де жақсы, таза көл бар. Мал жайылымда қанғанынша суарылады. Мұндай қолайлы жағдай сыйырдың сүттілігін елеулі мөлшерде арттырды. Атап айтқанда, көзір Геккель, Ярославцева сыяқты сауыншылар әр сыйырдан орта есеппен күніне 9-10 литрдан сүт сауып жүр.

Жалпы қолхоз бойынша үстіміздегі жылы әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1700 литр сүт сауу белгіленген-ді. Ал нысанадан асып түсуді көздеуідеміз. Оған мүмкіншілік толық. Олай дейтініміз, сүт молшылығы —малдың күтіміне байланысты өрсе. Ал, біздє мал күтімін жақсартудың барлық шаралары іске асырылуда. Тек малдың жазғы жайылымына пайдалануға еғілген 276 гектар қара бидай бар. Осылармен қатар малдың құнарын кемітпеу үшін жердің шөбі қуаң тарта бастаған кезде, тіпті июль, август айынан бастап-ақ малға, алдымен сауын сыйырларға, жүгері мен сұлы балаусасын бере бастаймыз.

Қазіргі бір өзгешелік, өткен жылдағыға қарағанда мал жайылымдық жердің аздығында. Колхозда 2761 гектар ғана мал жайылымдық жер бар. Бірақ бұл қыйыншылық емес, қайта мал шаруашылығын өркендетуге үлкен мүмкіншілік барлығын, жердің еғістікке кең пайдаланылғандығын көрсететін жағдай. Мысалы, біздің колхоздың өзі 1955 жылы 1527 гектарға біржылдық және көпжылдық шөптер екті. 120 гектар жүгері, 200 гектар сұлы көкшөпке пайдаланылады. Қысқа 980 тонна жүгері сүрлемі, 800 тонна күнбағыс тағы басқа дақылдар сүрлемі дайындалатын болады.

Малдың өнімділігін арттыруда, өсресе сауын сыйырлардың құнарын арттыруда тамыржемісті дақылдардың атқаратын ролы



Қылы астық совхозында жаңа құрылыстар саны көбеюде. Мұнда үстіміздегі жылы мегежіндер тұратын жаңа қора салынды. Қорада қолмен атқарылатынжұмыстардың көпшілігі механикаландырылып, мегежіндерді суту жұмысын жақсартуға қажетті жағдайлардың барлығы да жасалған. Оларға күтушілер азықты аспалы жол арқылы жеткізіп береді.

СУРЕТТЕ: совхоздағы мегежіндерге арналған жаңа қораның сыртқы көрінісі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

САУЫН СЫЙЫРЛАРДЫҢ СҮТТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Жазғы жайылым басталды. Мал өріске шықты. Жазғы көкшөп—ең құнарлы ең дәмді азық. Онда белок, углевод, витамин, минерал тұздары да мол. Организмге мейлінше сіңімді келеді.

Кеккє жайыла бастасы мен-ақ мал өнімінің сапасы артады. Мысалы, көк жайылымда бағылған сыйырдан алынған сүт майлы, ал май шыны келеді. Сондықтан мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруды ойластырған шаруашылықтар малдың жазғы жайылымын мейлінше жақсы ұйымдастыруды бірінші міндет етіп қойып отыр.

Малдың жазғы жайылымы дегенде көп түсінік бар. Ол малдың өрісін дұрыс пайдаланумен бітпейді. Бұл жайда алдымен екпе жайылымдықтар жасау және оны тиімді пайдалану мәселелерін дұрыс шешуді ойластыру қажет. Ал екпе жайылымдықтар болмайынша, малдың өнімділігін үздіксіз арттыру мүмкін емес.

Екпе жайылымдықтарды жасаудың мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруда қандай роль атқаратынын және бұл жұмыстың қалай ұйымдастырылатындығын түсіндіру үшін мысалға Мамлют тұқымдық мал совхозының өткен жылғы тәжірибесін алайық. Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруда ірі қара малдың ролі ерекше. Ол малдың тірі салмағы мен сүт өнімінің сапасы арқылы анықталады. Ірі қара малдың тірі салмағы мен сүт өнімінің сапасы ол малдың не жейтінінен, яғни азықтандырылуынан тікелей тәуелді. Ал малдың азықтандырылуы, ол малдың не жейтіні, не ішкені, ол малшаруашылығы өнімдерінің сапасы, малшаруашылығы өнімдерінің арзандығы, малшаруашылығы өнімдерінің шығынсыз, пайдалы болуы

лі өрекше зор. Сондықтан 75 гектардан астам алаңға картоп, қызылша, асқабақ отырғызу белгіленді.

Көзір жалпы мал шаруашылығын жаңжақты өркендетудің шешуші кезеңі. Осы себепті біз, мал мамандары мен мал өсірушілер, жазғы кездегі қажетті жұмыстардың түгелдей іске асуы үшін аянбай күресеміз.

К. ШКОДИНА,

Пресное ауданы, «Жизнь» колхозындағы зоотехник.

И. РОЛЯ,

Товарлы- сүт фермасының меңгерушісі.

Қажырлы еңбектің жемісі

Ленин атындағы колхоздың (Полудень ауданы) мүшелері январь Пленумы алға қойған ұлы міндеттерді орындау жолында қажырлы еңбек етуде. Колхоз мүшелері әсресе малдың өнімділігін арттырудың жолдарын асқан ұқыптылықпен қарастырып келеді.

Малдың қолда, қорада күтілген кезінде, қыңтандыру тәртібіне ерекше маңыз берілді. Жемшөптің әртүрлі болуы іске асырылды. Ферма малшылары мал шаруашылығы өнімдерін арттыру жолында өзара социалистік жарысқа түсіп, олардың нәтижелері апта сайын, ай сайын шығарылып отырылды. Бұл сыяқты ұйымдастыру жұмыстарының игі нәтижесі көзге көрініп отыр. Колхоз 1 майға дейін әр сыйырдан орта есеппен 508 литрден сүт алды. Ал жекелеген М. Швайгерт, И. Бастьян сыяқты сауыншылар әрбір сыйырдан осы уақыт ішінде орта есеппен 730—900 литрден сүт сауды.

Колхоз басқармасы бұл қол жеткен табыстарды онан әрі дамыта беру үшін сауын малдарын жазғы жайылымын да жақсы ұйымдастырды. Жайылымдық жерді неғұрлым тиімді пайдалану үшін олар участокке бөлінген. Әрбір участоктің қай мезгілде пайдаланудың жеке-жеке графиктері жасалған. Малшылар сауын сыйырларды осы графикке сәйкес бір участоктен екінші участокке алмакезек ауыстырып отырады.

Бұл колхозда үстіміздегі жылы малазығындық дақылдар көлемі өткен жылғымен салыстырғанда екі-үш есе ұлғайтылып отыр. Мұның дені жүгері дақылы болады. Бұл шаралармен қатар колхоз үстіміздегі жылы өткен жылы аяқталмай қалған мал қоралары құрылысын түгел аяқтауды, жаңадан бір төл үйін салуды жоспарлап отыр.

Сөз жоқ, бұл жоспарлы шаралардың түгелдей жүзеге асырылуы колхоздың мал шаруашылығынан алатын өнімін бұрынғыдан әлдеқайда арттыра түсуге мүмкіндік жасайды.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

рибесін алуға болады.

Ұзақ уақытқа дейін совхозда ең жұғымды шөп табиғи жайылымдықтар ғана болды. Қар ерігеннен бастап, қуарған қауданнан басқа қылтанақ қалмайтын күздің қара суығына дейін мал далада жайылып келеді. Әрине, бұл жағдайдың күн санын өсіп келе жаткан мал шаруашылығының қажетін мүлдем өтей алмайтыны белгілі.

Малдың үнемі құнарлы азықпен қамтамасыз етілуі үшін шөптің қай кезде қандай сапада болатындығын ескеріп отыру қажет. Біздің облыс жағдайында көктің жақсы пісіп-жетілетін кезі—июнь айының ішті. Жаздың екінші жартысынан бастап, күзге қарай шөп қураңқырайды, құнарлылығы кемиді. Мал өріске көп тоқырамайтын болады. Осыдан барып, сыйырлардың құнары азаяды, семіртудегі малдардың және жас төлдердің салмақ қосуы төмендейді.

Әсресе көзір, тың және тыңайған жерлердің кең көлемде игеріле бастауына байланысты әрбір гектар жерден көкшөпті мейлінше көп алу міндеті бұрын ешқашан болып көрмеген дәрежеге көтерілді. Оның кемдігін малазық дақылдарын егу арқылы арттыру қажет. Осылайша табиғи жайылымға, қыс табиғи шөпке зәру болып қалу хаушін тұғызады.

Бұл колхозда мал азығы үшін егілген немесе егілетін дақыл көп емес. Былыл 200 гектар сұлы, 20 гектар біржылдық шөп, 80 гектар ешмен, 10 гектар картоп, 30 гектар күнбағыс және 30 гектардай ғана тамыржемісті дақыл егіледі. Осылай болғандықтан бұл дақылдарды баптап өсіріп, кезінде жыйнап алуға тырлылықты әзірленумен қатар табиғи шабындыққа деп бөлінген 800 гектар алаңнан мол өнім алу үшін оны малдың аяғынан жайылуынан сақтаулары керек еді. Басшылар мұны ескермей, азықтың таппылығынан өткен қыста болған қысылтаяң кезді жаз шығысымен ұмытып кетті. Көзір шабындықтың кейбір участоктеріне колхозшылардың жеке меншік малы жайылып жүр.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Республика колхоздарында малды жайып семіртуді ұйымдастыру туралы» жуықта болған қаулысында колхоздардың мемлекетке ет есебіне семіз және қоңы ортадан жоғары малды тапсыруының мемлекетке де, сонда-ақ колхоздардың өзінде де зор пайдасы бар екендігі атап көрсетілді. Бұл қаулыда, сонымен бірге майдың бірінші жартысынан бастап, ет есебіне тапсыру үшін өгіздерді, тарттырылған еркек таналарды, сектерді және төл алуға жарамсыз басқа малды іріктеп алып, оларды жайып семіртуге арнаулы гурттарға бөлу міндеті қойылды.

Бұл міндетті де жүзеге асырудың жайы Совет ауданының колхоздарында өте нашар. Сталин атындағы колхозда 524 сыйыр малы, 1260 қой, 112 жылқы, 90 шошқа болса, бұл түліктерден бірде-бір мал етке тапсыруға деп іріктеліп алынған жоқ. Барлық түліктің тұқымдығы, аналығы және тарттырылған еркек таналар, сектер бірге бағылып жүр. Сіздерде малды бағу, жайып семірту қалай ұйымдастырылды, деген сұраққа колхоз председателі И. Кайко жолдас:

—Өзірге әр түлік ірілі-ұсағына, тұқымдық, аналығына бөлінбей бірге бағылып жүр. Мемлекетке ет есебіне тапсырамыз ба деген малымыз да малданатын малмен бірге бағылады. Өткен жылы да осылай болған еді,—дейді.

Малды жайып семірту ісіне «Аралағаш», «Совет», Молотов атындағы колхоздардың басшылары да айтарлықтай көңіл бөліп отырған жоқ. Бұған көзір барлық малдың іріктелмей, тек түлікке ғана бөлініп бағылып отырылғанын, жайылым участоктерінің қайсысының қай уақытта пайдаланатындығы белгіленбегенін айтсақ та жеткілікті. Осындай кемшіліктер болғанымен колхоздарды қамтыған Совет МТС-нің директоры М. Лымарь, бас зоотехник М. Паленов жолдастар жұмған ауыздарын ашпай келеді. Тіпті Паленов жолдас осы уақытқа дейін колхоздардың бірқатарының жайылымдарын, оның шөп құнары, су қоры қандай екендігін біммейді де.

Совет ауданының көп колхоздарында малды жайып семіртудің жайы осындай. Ал бұл жағдайдың өзі аудан басшыларының үнемі және ерекше көңіл бөлуін керек етеді.

Ғ. НҰРЫМОВ.

МАЛДЫ ЖАЙЫП СЕМІРТУДЕГІ КЕМШІЛІКТЕР

Көзіргі уақытта мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді халықтың азық-түлік өнімдеріне, өнеркәсіптің шикізатқа деген өскелең талаптарына лайық дәрежеде өркендету аса үлкен маңызы бар міндет ретінде алға қойылып отыр.

Алайда бұған кейбір колхоздардың басшылары әлі күнге жете көңіл бөлмей келеді. Сондықтан оңдай колхоздарда жайылымды пайдалану, малды жайып семірту жұмыстары мейлінше нашар жүргізіледі. Мысалға Совет ауданының колхоздарын алайық. Бұл ауданның бірқатар колхоздарында мал жайылымы онша көп емес.

«Колос» колхозында жайылымдық жер көлемі 700 гектардан аз-ақ астам. Егер осы шағын жердің өзін дұрыс және өнімді пайдалана білсе, малды бір-екі айда ойдағыдай семірту таңқаларлық іс емес. Мұны жер көлемі көп болмаса да басшылары ұқыпты колхоздардың мысалы көрсетіп келеді. Бірақ «Колос» колхозының басшылары: колхоз председателі Б. Мисюрин, партия ұйымының секретары С. Нұрахметов, ферма меңгерушісі С. Дахнеевич, бригадир Л. Ткаченко жолдастар малды жайып семіртуді бетімен жіберіп отыр. Мұнда төлін қоспағанда 520 сыйыр малы, 1180 қой, 133 жылқы, 36 шошқа бар. Міне, осы мал кез келген жерге бағыла береді. Кейде шабындыққа деген жерге де бағылып жүр. Колхоз председателі жайылымды пайдаланудың жоспары жасалды дейді. Бірақ, ол қағаз жүзінде қалып келеді. Жайылымды және шабындықты бұлай пайдалану колхоздың өткен жылғыдай тағы да жаздың ортасы ауа ліпді. 129 гектар екпе шөп және 2[illegible] гектар малазығындық дақыл егілді. Оның ішінде 26 гектары жүгері.

Өткен жылғы ауа райының қолайсыздығына қарамастан мал бүкіл жаз бойына балауса шөппен қамтамасыз етілді де, одан алынған өнім мөлшері үнемі өсу үстінде болды. Орта есеппен әрбір сауын сыйырдан 190 килограмм сүт сауылды. Әсресе сауын мөлшері июнь айының ішінде ерекше өсті. Жалпы жазғы жайылым кезінде көкшөп конвейерін ұйымдастыруға байланысты әрбір сауын сыйырдан алынған сүт мөлшері төмендегідей болды: май айының екінші жартысында 210 килограмм, июньде 461 килограмм, июльде 419 килограмм, августа 400 килограмм және сентябрь айының бірінші жартысында 180 килограмм.

Осылайша жайылым кезіндегі төрт ай ішінде әрбір сыйырдан сауылған сүт 1670 килограмм болды, яғни әрбір сыйырдың орташа өліктік сауымы—14 килограмм. Сойтіп өткен жыл ішінде совхоз әрбір 100 гектар егістік, шабындық және жайылымдық жерлерге 240 центнерден сүт алды.

Жас малдардың салмақ қосуы да жоғары болды. Дегенмен өткен жылы малды жаболуын керек етеді. Үстіміздегі жылы бұл фермадағы малдарды көкшөп конвейерімен қамтамасыз етуге едәуір өзгерістер болғалы отыр. Жайылымдық екпе шөп мөлшері екі есе ұлғайтылады, көкшөп үшін сұлы мен моғар төрт есе артық егілді. Жүгері дақылының көлемі 100 гектардан асып, олар түгелдей шаршы-ұялы әдіс бойынша отырғызылды. Егер өткен жылғы көкшөп конвейерінде тамыржемісті дақылдар мүлдем болмаса, үстіміздегі жылы ол 14 гектарға жеткізіледі. Жазғы лагерь кезінде сауын сыйырлар үшін лапастар саны көбейтіліп, оларға алғаш рет автоматты суарғыштар орнатылады. Басқа құрылыстар да түгел күрделі жөндеуден өткізіледі.

Совхоз коллективінің мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыра түсу жолындағы күресті ойдағыдай шешуінде көкшөп конвейерін ұйымдастыру және балауса азықтарды мейлінше көп дайындау шешуші роль атқарады. Сондықтан да совхоздың мал мамандары бұл іске ерекше ұқыптылықпен қарап, оны ұйымдастыруды жылдан-жылға жақсарта түсуде.

Ғылми қызметкер И. КАРГИН.
Мамлют совхозы.

Егіншілер мен механизаторларды көктемгі егіс кезінде мәдени қамту Иванованың мүлде естен шығарып отырған жұмысы. Оған оның дала қостары мен трактор бригадаларында өте сирек болатыны және онда болғанда ешқандай мәдени жұмыс жүргізбейтіні дәлел.

—Иванова көктемгі егіс басталғалы бізге бір-ақ рет келді. Не бары әр вагонты.

Бекетаевтің берекесіздігінен жас бөбектер жапа шегуде. Селолық Совет председателі Жакиенов пен партия ұйымының секретары Пьянков жолдастар да мұны естен шығарып отыр.

Т. БӘКІРОВ,

Петропавл ауданы, Калинин атындағы колхоз.

ЖҰМЫСШЫ ЖАСТАР МЕКТЕБІНДЕ

Смирново поселкесіндегі жұмысшы жастар мектебі былылғы оқу жылын өткен жылғыдан бір ай кеш бастады. Оқу жылын бастау және поселкадағы жұмысшы жастарды мектепке тартуда жергілікті партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдары айтарлықтай көмек жасады. Бұл жөнінде аудандық комсомол комитетінің бюросында мәселе қаралып, оқуға тиісті барлық жұмысшы жастарды мектепке қатыстыру жөнінде шаралар белгіленді.

Смирноводағы жұмысшы жастардың кешкі мектебінде 6-10 кластар ашылып, онда 70-тен астам жастар оқыйды. Олардың өндірістен қол үзбей сабаққа үнемі қатысып отыруы үшін қолайлы жағдайлар жасауды аудандық партия комитеті мекеме басшыларынан үнемі талап етіп отырады.

Мұнда сабақ беретін мұғалімдердің көпшілігінің жоғары дәрежелі білімі бар. Мектеп мұғалімдері Г. Кузьменко, К. Глухов, Помозан және Онучин жолдастар өздерінің күнделікті сабақтарына ұқыптылықпен дайындалып, газет, журналдардан қосымша материалдарды жеткілікті пайдаланады. Осының нәтижесінде мектептің 10 класс оқушылары түгелдей «4» пен «5» ке ұлгеріп жүр.

Мектепте көзір жазғы емтиханға дайындық жұмысы қызу жүргізіліп жатыр. Жастар кластан класқа көшу, мектеп бітіру емтихандарын ойдағыдай өткізуге дайындалуда.

Осындай игі істермен қатар мектептің жұмысында едәуір кемшіліктер орын алып келді. Үшінші тоқсанның қорытындысында мектептің әрбір 12 оқушының біреуі, яғни мектеп бойынша барлық оқушының 18 проценті үлгермейді. Бұл кемшіліктің тууына негізгі себеп оқушылардың күнделікті сабақтарға үнемі қатысып отырмауы болды. Мұның өзі оқу жылы бойында мектептің педагогикалық коллективінің оқу-тәрбие жұмысын ойдағыдай ұйымдастыра алмай келгенін көрсетеді. Бұл кемшіліктердің жазғы емтихандардың ойдағыдай өтулеріне белгілі дәрежеде нұқсан келтіретіні сөзсіз. Сондықтан жұмысшы жастар мектебінде емтихан кезіндегі жұмысты барынша жақсарту мектептің педагогикалық коллективінің бүгінгі таңдағы негізгі және басты міндеті.

М. ТАСИМОВ.

ЖАҢА КІТАПТАР

Республикамыздың кітап магазиндеріне ауыл шаруашылығының қызметкерлеріне арналған мынадай жаңа кітаптар түсті:

С. И. ВОЛЬФКОВИЧ. Ауыл шаруашылығын өркендетуге байланысты химия ғылымының міндеттері («Москваның мемлекеттік университеті ғалымдарының ауыл шаруашылығына көмегі» деген тақырыптағы кітаптар). Москва мемлекеттік университетінің баспасы. 1955 ж. 18 бет. Бағасы 50 тыйын. Кітапша ауыл шаруашылығының мамандарына —агрономдарға, малшыларға, сондай-ақ кітап оқушылардың қалың топтарына арналған. Онда ауыл шаруашылығын өркендетуге байланысты химия ғылымының негізгі міндеттері баяндалған.

Г. ЦЫПЛАКОВ. Овощь өсірушілер арасындағы партия жұмысы («Селолық партия қызметкерінің кітапшасы» тақырыбындағы кітаптардан). «Московский рабочий» баспасы, 1955 ж. 61 бет. Бағасы 75 тыйын.

Кітапша селолық партия және комсомол қызметкерлеріне арналған. Онда колхоз партия ұйымының картоп пен овощтан комсомол өнім алу жолындағы күресті қандай әдістермен ойдағыдай жүргізіп отырғандығы туралы әңгімеленеді.

А. М. КУЗИН. Таңбалы атомдар ауыл шаруашылығы жөніндегі зерттеулерде. (Ғылми-көпшілік тақырыбындағы кітаптардан). ССРО Ғылым академиясының баспасы. 1954 ж. 100 бет. Бағасы 2 сом.

Кітапша селолық интеллигенция мен жоғары және орта дәрежелі ауылшаруашылық оқу орындарында оқыйтындарға арналған. Онда өсімдіктер мен мал физиологиясының әртүрлі мәселелерін шешу кезінде таңбалы атомдарды қолданудың методикасы баяндалған, атомның құрылысы туралы қысқаша мәліметтер берілген.

Х. СУЙІНДІКОВ, Г. ОТАРОВ. «Путь Октября» колхозында жүгері өсіру. Қазақ Мемлекеттік баспасы. 1955 ж. 15 бет. Бағасы 20 тыйын.

Кітапшада Көкшетау облысы, Келлер ауданының «Путь Октября» озат ауыл шаруашылық артеліндегі жүгері өсіру жөніндегі бағалы тәжрибе қорытылған, бұл дақылды республикамыздың орталық және солтүстік аудандарында енгізіп, оның егіс көлемін ұлғайтудың жолдары көрсетілген.

Жоғары оқу орындарына студенттер қабылдаудың жаңа тәртібі

ССРО Жоғары білім министрлігі жоғары оқу орындарына студенттер қабылдаудың жаңа ережесін бекітті. Быйылғы жылдан бастап ауылшаруашылық, мұғалімдер даярлайтын институттардан және сабақ ұлт тілінде жүргізілетін одақтас республикалардың институттарынан басқа барлық жоғары оқу орындарында шетел тілдерінің бірінен оқуға түсу емтиханын тапсыру енгізіледі. Сырттан оқытатын және кешкі институттар мен бөлімшелерге түсетіндер шетел тілдерінен емтихан тапсырудан босатылады.

Филологиялық факультеттер мен бөлімшелерден басқа барлық жоғары оқу орындарында орыс тілі мен әдебиеттен оқуға түсу үшін ауызша емтихан тапсырылмайтын болады.

Осы уақытқа дейін жоғары дәрежелі мектепке кемінде 17 жасқа толғандар ғана қабылданып келді. Жаңа ережелер жас жөнінен мұндай шек қоюшылықты жояды.

Сырттан оқытатын және кешкі жоғары оқу орындарына қабылдау түсушінің жұмысына қатаң түрде жүргізілуге тиіс. Мәселен, құрылыс оқу орындарына тек құрылыс өнеркәсібінің қызметкерлері; педагогикалық жоғары оқу орындарына мұғалімдер ғана алынады, т. т. Оқудың алғашқы үш жылы ішінде жаңа мамандық бойынша жұмысқа ауысуға өздері келісім білдірген жағдайда ғана басқа мамандықтың қызметкерлері бос орындарға қабылдана алады.

(СОТА).

СЕЛОЛЫҚ ЖАСТАР МЕКТЕПТЕРІНДЕ ОҚУ АЯҚТАЛДЫ

Біздің елімізде жастардың білімін арттыруларына барлық жағдай жасалған. РСФСР-дің селолық жастар мектептерінде оқу аяқталды. 100 мыңнан аса оқушылар емтихан тапсырып, келесі кластарға көшті. 48 мың жігіттер мен қыздар жетіжылдық мектеп курсы бойынша емтихан тапсырды.

Жетінші класты бітіріп шыққандардың көпшілігі 1955—1956 оқу жылы басталғанда техникумдарда, орта мектептерде, педагогикалық училищелерде және басқа оқу орындарында оқыйтын болады.

(СОТА).

МОЛДАВИЯ ЖҮГЕРІ ЕГУ ЖОСПАРЫН ОРЫНДАДЫ

КИШИНЕВ, 19 май. (СОТА). Молдавияның колхоздары жүгері егу жоспарын орындады. 15 майға дейін 427 мың гектар жүгері егілді; бұған қоса көк жемшөп алу үшін 20 мың гектардай жүгері егілді. Жүгерінің егіс көлемі өткен жылдағымен салыстырғанда 116 мың гектар ұлғайды. Жүгері егу онан әрі жүргізілуде.

Егіс негізінен шаршы-ұялы әдіспен өткізілді. Көлемді жерлерде егін кәзірдің өзінде жаулап көктеді. Колхоздар мен МТС-тер егіннің қатар арадықтарын баптауға кі

Ленинград артистері тыңда

Елімізде тың және тыңайған жерлерді игеру ісінің басталғанына бір жылдан аз-ақ астам уақыт өтті. Бұл отандық маңызы бар зор іске еліміздің жүз мыңдаған патриоттары қатысуда. Мұндай патриоттық бастамаға үлес қосуды совет искусствосының қызметкерлері де үлкен абырой деп біледі. Өткен жылы тың және тыңайған жерлерде Москваның Академиялық Үлкен театры мен академиялық Кіші театрының бригадалары болды. Сондай-ақ Ленинградтың Александр Сергеевич Пушкин атындағы академиялық театрының біртоп артистері Қазақстанның кең даласын аралап, ондаған жаңа совхоздарда болып, концерттер қойып берді. Бұл тыңға қоныстанушы ұлдарымыз бен қыздарымызды қыйындықтарды жеңіп, еңбекке жігерленулеріне, сөз жоқ, үлкен көмек.

Біздің Ленинград циркінің артистерінің бір тобы жуырда Петропавлға келді. Олардың ішінде цирктің тәжірибелі артистері Н. Фетисов, З. Алексеева, П. Ковалев, Колоскова және Долженко жолдастар бар. Бұл бригада қаланың бірнеше ірі кәсіпорындарының жұмысшыларының алдында концерттер қойып берді. Енді олар Солтүстік Қазақстанның жаңа ұйымдастырылған көптеген совхоздарында болып, ұлан-байтақ кең даланы астық мұхитына айналдырып жатқан механизаторларға, жұмысшылар мен колхозшыларға концерттер қойып береді. Олар тың игерушілердің Отанымыздың қуаты арта беруі үшін асқан жігерлілікпен еңбек етуіне көмектеседі.

Біз біржарым айдың ішінде жаңа

Жуырда Ленинград циркі артистерінің коллективі Булаев ауданында жаңадан ұйымдастырылған Маленков атындағы, Жданов атындағы, Тамань дивизиясы атындағы және Чистов, Совет астық совхоздарында, ауылшаруашылық артельдерінде болып, егіншілер мен механизаторларға концерттер көрсетті. Ауыл шаруашылығының еңбекшілері ленинградтықтардың бұл концертін зор ынталылықпен көрді.

Сонымен қатар цирк артистері жергілікті жерлердің көркемөнерпаздар ұйірмесіне де көмектер көрсетуде. Мәселен, олар Жданов атындағы жаңадан ұйымдастырылған астық совхозының көркемөнерпаздар ұйірмесінің мүшелеріне егіншілер мен механизаторларды мәдени қамту жұмыстарын қалай ұйымдастыру жөнінде нақтылы кеңестер беріп, концерт репертуарларын іріктеп алуға көмектесті.

Біздің коллектив өздеріне тың жерлерді игеруші туысқан қазақстандықтарға барып, концерт қойып беру міндеті тапсырылғандығын мақтаныш етеді. Өйткені халқымыздың әл-ауқатының жақсара беруі үшін елімізде астық молшылығын жасау, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді молайту—бүкілхалықтық міндет. Бұл міндетті орындап шығуға үлес қосу—әрбір совет азаматының ардақты борышы.

АЛЕКСЕЙ ЕВСЕЕВ,
Ленинград циркінің артисі.

СУРЕТТЕ: біздің облысымыздың совхоздары мен колхоздарына ойын қоя келген Ленинград

КХДР ШЕКАРАЛАРЫНДАҒЫ СОҒЫСҚА АРАНДАТУ ӘРЕКЕТТЕРІ

ПХЕНЬЯН, 19 май. (СОТА). КХДР Ішкі істер министрлігі кеше республиканың территориялық суларына Оңтүстік Корея қораблдерінің үнемі басып кіру әрекеттері туралы және оның территориясына лисынмандық агенттердің жіберіліп келгені туралы мәлімдеме жариялады.

Мәлімдемеде, атап айтқанда, мынадай хабар берілген: 10 майда КХДР-дің территориялық суларына бір топ соғыс кемелері басып кірді, олар тек Халық армиясының бөлімшелері атқылағаннан кейін ғана кері қайтқан.

ЖАПОНИЯ МЕН ҚХР АРАСЫНДАҒЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАЙЫНДА

ПЕКИН, 19 май. (СОТА). Токио радиосының хабарына қарағанда, халықаралық сауданы өркендетуге көмектесетін Жапон ассоциациясы Қытаймен жасалған сауда келісімін орындау үшін арнаулы ұйым құруға ұйғарған. Жаңа ұйым Жапонияның сыртқы істер министрлігімен, сыртқы сауда және өнеркәсіп министрлігімен, финанс министрлігімен байланыс жасап тұратын болады.

Қытай-жапон төлем келісімін жасасуға әзірлену мақсатымен әзірлік комитеті, сонымен қатар Токио мен Осахада Қытай тоқарларының көрмелерін ұйымдастыру комитеті құрылатын болады.

ЖАПОНИЯДА ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ ӨСУІ

ТОКИО, 19 май. (СОТА). Киодо Цусин агенттігінің хабарлауына қарағанда, Жапонияда жұмыссыздық әлі де өсе түсуде. Жапон санақ бюросы жариялаған ресми мәлімет бойынша, Жапонияда март айындағы түгелдей жұмыссыз қалғандардың саны 840 мыңға жеткен, бұл жұмыссыздықтың бір жыл ішінде біржарым есеге дерлік өскендігін көрсетеді.

Мұнымен бірге ресми адамдар Жапонияда ішінара жұмыссыздар мен «жасырын жұмыссыздар» деп аталатындар қатарының аса зор екендігін мойындап отыр. Экономикалық бюросының бастығы Такасаки парламенттің төменгі палатасындағы бюджет комиссиясында қойылған сұрақтарға жауап бере келіп, былай деп мәлімдеген: кәзір елде 8 миллионнан 10 миллионға дейін адам осындай топқа жатады.

МАКС РЕЙМАНДЫ ТҰТҚЫНҒА АЛУ ӘРЕКЕТІ

БЕРЛИН, 18 май. (СОТА). АДН агенттігінің хабарына қарағанда, 15 майда батысгерманиялық полицияның отряды ГКП-ның Дуйсбург-Мейдерихтегі жабық жыйналысына басып кірген. Полицейлерге ГКП басқармасының бірінші секретары Макс Рейманды тұтқынға алуға бұйрық берілген. Бірақ олар өз жоспарын орындай алмаған.

ГКП орталық органы — «Фрейес фолк» газеті бұл жөнінде былай деп жаз-

ССРО-ның БҰҰ жанындағы өкілдігінің БҰҰ Бас секретарына хаты

НЬЮ-ЙОРК, 19 май. (СОТА). Бүгін ССРО-ның БҰҰ жанындағы өкілдігі БҰҰ Бас секретары Хаммаршельдтің атына мынадай мазмұнда хат жолдады:

«Советтік Социалистік Республикалар Одағының Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы өкілдігі БҰҰ Бас секретарын өзінің құрметтейтінін білдіреді және мынаны хабарлауды абырой деп санайды: қамқорлықтағы территориялардың негізгі тұрғындарының білім алуына БҰҰ-ға мүше мемлекеттердің көмек көрсетуі жайында Бас Ассамблеяның және қамқорлық жөнінідегі Советтің қабылдаған қарарларымен байланысты Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі қамқорлықтағы территориялардың негізгі тұрғындарының Совет Одағына білім алуы үшін оларға стипендия беру туралы қарар қабылдады.

ССРО Үкметінің жоғарыда аталған қарары туралы қамқорлықтағы территориялардың мүдделі адамдары мен үкмет орындарына хабарлағаныңыз үшін өкілдік рахмет айтатын болады».

Польша сеймі сегіз мемлекеттің Варшава Договорын бекітті

ВАРШАВА, 19 май. (СОТА). Бүгін Варшавада Поляк Халық Республикасы сеймінің жетінші сессиясы болды. Сессияға Болеслав Берут, Александр Завадский, Юзеф Циранкевич, Константин Рокоссовский және Польшаның Біріккен жұмысшы партиясы мен үкметінің басқа да басшылары келді. Қонақтардың арасында—бірқатар мемлекеттердің Варшавада тіркелген елшіліктері мен миссияларының басшылары.

Сессия мынадай күн тәртібін бірауыздан бекітті:

1. Албания Халық Республикасы, Болгария Халық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Поляк Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Советтік Социалистік Республикалар Одағы және Чехословак Республикасы арасындағы достық, ынтымақ және өзара көмек туралы 1955 жылғы 14 майда жасалған Договор бекітілсін деп қаулы етеді».

2. Поляк Халық Республикасы Мемлекеттік Советінің құрамына өзгертулер енгізу.

3. Министрлер Советінің құрамына өзгертулер енгізу туралы Мемлекеттік Советтің қарарларын бекіту.

Күн тәртібінің бірінші пунктіндегі мәселе жөнінде Министрлер Советінің председателі Ю. Циранкевич баяндама жасады.

Сеймнің сыртқы істер жөніндегі комиссиясы атынан сеймнің вице-маршалы С. Кульчинский сөйледі.

Баяндамашылар бойынша жарыссөзден кейін сессия бірауыздан қарар қабылдады, онда былай делінген:

«Поляк Халық Республикасының сеймі Албания Халық Республикасы, Болгария Халық Республикасы, Венгер Халық Республикасы, Герман Демократиялық Республикасы, Поляк Халық Республикасы, Румын Халық Республикасы, Советтік Социалистік Республикалар Одағы және Чехословак Республикасы арасындағы достық, ынтымақ және өзара көмек туралы 1955 жылғы 14 майда жасалған Договор бекітілсін деп қаулы етеді».

Бұдан кейін сессия Мемлекеттік Советтің құрамына өзгертулер енгізу туралы қарар қабылдады және Поляк Халық Республикасы Министрлер Советінің құрамына өзгертулер енгізу туралы Мемлекеттік Советтің қарарларын бекітті.

Польша сеймінің жетінші сессиясы осымен өзінің жұмысын аяқтады.

„Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік— Совет Одағының ұраны“

УРУГВАЙ ЖАЗУШЫСЫНЫҢ СОВЕТ ОДАҒЫ ЖАЙЫНДАҒЫ КІТАБЫ

МОНТЕВИДЕО, 19 май. (СОТА). Уругвайдың прогрессшіл «Пуэблос унидос» баспасы Совет Одағында екі рет болған Уругвайдың белгілі жазушысы Альфреда Гравина жазған, «ССРО мен Чехословакияны аралаған саяхат туралы заметкалар» деген кітапты басып шығарды.

Гравина Совет Одағының коммунизм орнатудағы табыстары, совет мәдениетінің жоғары дәрежеде өркендеп отырғаны және совет адамдарының мәдениет дәрежесі жоғары екендігі туралы шаттана сүйсінген пікірлер айтқан. Ол өзінің кітабында былай деп атап көрсеткен: ССРО-да ой еңбегі мен дене еңбегі арасындағы айырмашылық жойылып келеді, миллиондаған жұмысшылар өздерінің техникалық, мәдениеті ауыр бейнет емес екендігін біз осында айқын көре алдық. Жұмысшы өз еңбегін сүйсініп істейді, оған өзінің бүкіл инициативасын жұмсайды; ол өзіне еңбек ететінін біледі».

Кітаптың авторына метрода және Москва университетінде болу орасан зор әсер еткен. Москва университеті, деп жазған ол, «бүкіл совет халқының мақтанышы».

«Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік»—Совет Одағының ұраны, міне, осы, —деп жазған Гравина, —ал бейбітшілік ісі жолында совет халқы сыяқты социалдық зор жігермен және сеніммен күресіп отырған бірде-бір халық дүние жүзінде жоқ».

Кітаптың қорытындысында Гравина былай деп мәлімдеген: «Совет Одағы—

рісті.

ҚАМЫС ЗАВОДТАРЫНДА

Іленің қамыс заводы қамыстан құрылыс плиталарын жасап шығаруға кірісті. Бұл өнімді шығару үшін Алматының ауыр машиналар жасайтын заводы істеген екі пресс орнатылды.

Кәзіргі уақытта Қазақ ССР Жергілікті және отын өнеркәсіп министрлігінің 25 заводы қамыс бұйымдар шығаруда. Олар қамыс будалар мен шомдар жасайды, қамыс плиталар шығаруға әзірленуде. Бес кәсіпорында қамыс престеуге арналған машиналар монтаждалып жатыр.

Үстіміздегі жылы республикамызда 3 миллион 700 мың шаршыметр қамыс плиталар жасап шығарылады. Олардан 20 мыңға жуық бір пәтерлі үй салуға болады. Үнжарым миллион қамыс будалар және 8.200 мың шаршыметр қамыс шомдар жасау белгіленді.

(ҚазТАГ).

совхоздарда, облыстық аудандық ұйымдарында болып, 90 концерт қойып беруді жоспарладық. Концертіміздің программасында сатиралық әдеби шығармалар, акроваттық ойындар, көркем сөз жанрлары және тың жер игерумен байланысты жеке әндер мен хорлар, иллюзиялық жаттығулар бар.

эстрадалық артистерінің бір тобы. (Солдан оңға қарай) бірінші қатарда **З. Алексеева** мен **А. Шакин**. (екінші қатарда) **Н. Долженко, П. Коваль, К. Колоскова, Г. Калинина, Н. Фетисов, К. Шиляев** және **Н. Еловенко.**

Суретті түсірген

А. Розенштейн.

Қала кубогін алу үшін

Кәзір ерікті спорт қоғамдарының футбол командалары қала кубогін алу жарыстарын өткізуде. «Энергия» стадионында болған кезекті ойында алаң иелері «Локомотив» футболшыларымен кездесті.

Ойынның алғашқы минутынан бастап-ақ алаң иелері инициативаны өз қолдарына алып, күшті шабуылға шықты. Бірақ 20 минут өткенге дейін олар есеп аша алмады. «Локомотив» командасының қорғаушысы Телегиннің ойын тәртібін бұзуына байланысты допты 11 метрден ұруға рұқсат берілгенін пайдаланып, алаң иелері қақпаға алғашқы доп енгізді.

Ойынның екінші жартысы қонақтардың басымдылығы жағдайында басталды. Ойын қорытындысында есеп 3:2 болып, «Энергия» ерікті спорт қоғамының командасы жеңіске ие болды.

В. ЕКИМОВ.

ЖАҢА АВТОМОБИЛЬ ЖОЛЫ ҚҰРЫЛЫСЫНДА

Қазақстанның тың және тыңайған жерлер игеріп жатқан алыс совхоздарына автомобиль жолдарын салу ССРО Тас жолдар және автомобиль қатынасы жолдары министрлігінің «Главдорстрой» мекемесіне қарайтын № 1 құрылыс басқармасына жүктелді. Бұл құрылыс басқармасы 1955—1957 жылдарда одақтық маңызы бар 182 километрлік Петропавл-Марьевка, 165 километрлік Қостанай-Демияновка, 115 километрлік Көкшетау-Балкашино автомобиль жолдарын салып, оларға асфальт төсеу және басқа да жол құрылыстары жұмыстарын жүргізуге міндетті.

1955 жылы жоспар бойынша Петропавл-Марьевка жол құрылысының 60 километрі толығынан аяқталатын болады. Бұл құрылыста жұмыс істейтін маман жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер және қызметшілер негізінен Түркменстаннан, Кубаньнан және Москва түбінен, еліміздің басқа да алыс құрылыстарынан келді. Құрылыс басқармасының өзі де «Главдорстрой» жүйесіндегі құрылыс мекемелерінен ұйымдастырылған.

Петропавл-Марьевка жол құрылысының барлық коллективі үстіміздегі жылы 1 миллион текшеметрлік жер қазу жұмыстарын жүргізумен бірге, 40 темір-бетонды түтік орнатады. Сол сияқты, 1955 жыл ішінде Омбы темір жолы үстін кесіп өтетін темір бетонды көпір салып, пайдалануға береді.

Құрылыс жұмыстарының бәрі де шапшаң істелетін прогрессивтік әдіс бойынша атқарылады. Бұл әдіс өсресе, жол құрылысының барлық ауыр жұмыстарын механика күшімен жүргізуге бағытталған. Автомобильдер жүретін болашақ асфальтті жолдың құрылысында кәзір де жер қазу жұмыстары кең көлемде өрістетіле жүргізуде.

Бұл жол құрылысында отандық ең жаңа техникалар: экскаваторлар, грейдер-элеваторлар, бульдозерлер, скрепелер, автогрейдерлер және өздігінен жүк түсіретін автомашиналар жұмыс істейді. Құрылысшы адамдар май айының 12 күні ішінде 68 мың текшеметр жердің балшығын қазып, жолға төседі.

Жол құрылысына топырақ төгу жұмыстары аяқталысымен-ақ асфальт төсеу жұмысын іле бастап кету мақсатымен Петропавл қаласында қуатты асфальт-бетон заводы салынып жатыр. Бұл заводта аса ірі 3 асфальт бетон араластырғыш жұмыс істейді. Бұл күрделі құрылыстың өзі май айының 25-іне дейін толығынан аяқталынып, пайдалануға берілетін болады. Сол сияқты, Петропавл қаласының шет жағында темір бетон жабдықтарын жасайтын полигонды база салынды. Бұл құрылыс жұмыстарын инженер Гармаенко жолдас басқарды. Қысқа мерзімде салынып, пайдалануға берілген бұл база кәзірдің өзінде жүзден астам түтік дайындап шығаратын сақина жасап берді.

Алайда, жол құрылысында бірсыпыра кемшіліктерге де жол берілп отырылғандығын айта кеткен жөн. Мұнда, өсресе, жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің тұрмыстық қажеттерін өтеу, олардың өндіріс жұмыстарымен бөгетсіз шұғылдануына қажетті жағдай әлі де болса қанағаттанғысыз жасалып отыр. Мәселен, жол құрылысының көптеген адамдары күні бүгінге дейін пәтер үйлермен қамтамасыз етілмеген. Құрылыс басқармасының тұрғын үйлер салу жөніндегі жұмысын басқаратын прораб Беляев жолдас өзіне міндеттелген жұмыстарды дұрыс жолға қойып, жүйелі жүргізе алмай келеді. Егер 1955 жылы жол құрылысының қызметкерлері үшін 4500 шаршыметрлік тұрғын үйлер салынуы жоспарланса, содан небары 1540 шаршыметрлік тұрғын үйлер салынып, жылдық жоспар небары 34 процент ғана орындалды. Сол сияқты, «Главдорстройдың» жоба жасау бөлімі құрылыс басқармасының кеңсесіне арналған ұшқабатты үйдің жобасын күні бүгінге дейін жасап бермей отыр.

Петропавл-Марьевка жол құрылысының барлық жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің алға қойған мақсаты — 1957 жылға дейін Петропавл-Марьевка арасындағы асфальт төселген автомобиль жолы құрылысын толық аяқтап, пайдалануға беру үшін социалистік жарысты бұрынғысынан да кең көлемде, құлаш жая өрістете түсуде.

Инженер Р. КИЛЬМАТОВ,
«Главдорстройдың» № 1 құрылыс басқармасы өндіріс-техникалық бөлімінің бастығы.

ған: «Неміс халқы қайта қосылу жолында адамдар жасауды талап етіп отырғанда, Аденауэр үкметі халқымыздың осы еркін білдіруші ең таңдаулы адамдардың үнін өшіру үшін қолынан келгеннің бәрін істеп бағуда».

АТОМ СОҒЫСЫН ӘЗІРЛЕУГЕ ҚАРСЫ

СТОКГОЛЬМ, 19 май. (СОТА). Атом соғысын әзірлеуге қарсы Вена Үндеуіне Швецияның халқы кеңінен ұн қосты. Бейбітшілікті қорғаудың Швеция ұлттық комитетінің секретары А. Странд барлық жерде де қол қою ойдағыдай өтуде деп хабарлады.

Демократиялық баспасөз еңбекшілердің бұқаралық ұйымдары мен көрнекті қайраткерлердің үндеуді қолданған мәлімдемелерін басуда. Швецияның белгілі жазушысы Эрик Бломберг бейбітшілікті қорғау комитетіне мынадай мазмұнда хат жолдаған:

«Мен бұдан бұрын Вена Үндеуінің бірінші пунктіне қарсы ескертпе жасап, оны орынсыз үгіттегендік деп санаған едім. Кейбір үкметтер соғыс болғандай жағдайда атом қаруын қолдануға қарар қабылдағаннан кейін жағдай өзгерді. Атом қаруын жария етудің соғыс хаушін арттыра түсетіндігі айқын.

Бейбітшілік мүдделері үшін ынтымақтасқысы келетін барлық күштерді біріктіру кәзір, басқаның қандайынан болса да, анағұрлым маңызды болып отыр. Атом соғысына қарсы күресу —бүкіл адамзаттың міндеті».

Социал-демократиялық «Афтонтидкинген» газеті Густавсберг фабрика жұмысшылары кәсіподағының хабарын жариялады, онда былай делінген: «біздің, Густавсберг кәсіподақ мүшелерінің, атом қаруын қолдануға тыйым салуды ғана емес, сонымен бірге халықаралық мәселелерті шешудің құралы ретінде пайдаланылатын соғыстың өзіне де тыйым салуды талап етіп отырған күштерге қосылғымыз келеді».

Арьеплуттің теміржолшылары, Тролхеттанның машина жасаушылары, Алингсостың кәсіподақ ұйымдары Вена Үндеуін қолдауда.

ЛИВАННЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ СОЛЬХТІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

БЕЙРУТ, 19 май. (СОТА). «Телеграф» газетінің хабарына қарағанда, Ливанның премьер-министрі Сами Сольх Түркия-Ирак соғыс шартына Ливан қосылмайды деп ресми түрде мәлімдеген. Саяси партиялар мен ұйымдардың өкілдері Ливан үкметі басшысының бұл мәлімдемесін құттықтауда.

ни және жалпы білім дәрежесін арттыруда. Ташкенттегі Сталин атындағы тоқыма комбинатында болғаны жайында айта келіп, Гравина былай деп жазған: «ССРО-да еңбектің—капиталистік қоғамдағы сияқты жаңа дүние, жаңа адамзаттың еңбегі творчестволық еңбектің, ерлік істердің және бейбітшіліктің елі, жер шарындағы барлық еңбекшілердің Отаны, жаппай жұртшылық үмітінің мызғымас тірегі».

БИВЕННІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ЛОНДОН, 19 май. (СОТА). Рейтердің көмектесуінше Англия мен бүкіл агенттерінің хабарлауынша, лейбористік партияның көрнекті қайраткері Эньюрин Бивен кеше былай деп мәлімдеген: егер Совет Одағы төрт державаның кеңесіндегі барысында біріккен, бейтарап және қаруланбаған Германия құруды ұсынатын болса, онда менің өзім осындай ұсынысты жақтаған болар едім. «Ал консерваторлар бұған өзір ме екен? —деп сұраған ол.— Олардың Германияны бейтараптандыруға ешқандай жағдайда келіспеймін дейтін принципті онан өрі жақтайтын ниеттері бар ма екен? Немістердің көп бөлегі қаруланбаған және бейтараптандырылған Германияны жақтап отыр, міне сондықтан да Германияда жаңа вермахт құруға біздің адамзаттың мүдделеріне сай келмей мүмкін екен».

«Егер біз байсалды ойлайтын адамдар болсақ, —деген Бивен бұдан кейін, — егер біз жаппай қарусыздандыруды шын ниетпен тілеп отырған болсақ, онда біз соңғы отыз жылдың ішінде дүниежүзілік екі соғыс бастаған елді қаруландырмауға тиіспіз».

Октябрь революциясынан кейін «Советтік Россияның төңірегінде құруға әрекет жасалғанындай «саяси карантинді» Қытайлардың төңірегінде де құруға тырысу, деген Бивен бұдан кейін, мемлекет қайраткерлері тарапынан жасалған ақылсыз іс болар еді.

«ФРАНЦИЯ-ССРО» ЖУРНАЛЫ РЕДАКТОРЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ МАТИО ПОЛЕТТИДІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДА БОЛУЫ

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). «Франция-ССРО» журналы редакторының орынбасары Матио Полетти Қостанай облысында үш күн қонақ болды. Ол өткен жылғы көктемде Қарабалық ауданының тың жерлерінде ұйымдастырылған жаңа астық совхоздарында болды. Матио Полетти Славян астық совхозында егінді көрді, машина-трактор паркінің жұмысымен танысты, клубта, электр станцияда, ауруханада болды.

Өрнек совхозында қонақ жаңадан қоныстанушылардың пәтерлерінде болды, облыстық филармония бригадасының совхоз клубында берген концертін тыңдады.

Матио Москваға жүріп кетті.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Кинолардағы

«УДАРНИК» кинотеатрында

«НАЗАР СТОДОЛЯ»

Сеанстар сағат 6, 7-40, 9-20 және 11-де басталады.

Есіл өзенінің жағасындағы былғары заводының территориясындағы «Строитель» артеліне тұрақты және уақытша жұмыстарға кірпіш және толь жасаушы жұмысшылар, балташылар, жүк тиеушілер және әртүрлі мамандықтағы жұмысшылар КЕРЕК.

Барлық жұмысқа орналасқандар пәтермен, ал қалада тұрушылар транспортпен қамтамасыз етіледі.

Петропавл қаласы, Октябрь көшесі, 43-үйде тұрушы Мингарей Ризванович Ризванов Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 65-үйде тұрушы Роза Гайфуловна Ризвановадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласы, 2-ші участоктік халық сотында қаралады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ЫЛАЙ СУЛАР АҒУДА»

Сеанстар сағат 7, 9 және 11-де басталады.

Шағын двигательдер заводына тұрақты жұмысқа механикалық цехтың, өндіріс жоспарлау және жабдықтау бөлімдерінің бастығы, бас металлург, бас энергетик, іс басқарушылар қызметтеріне инженер немесе техниктер КЕРЕК.

Петропавл қаласы, Лагерь көшесі, 14-үйде тұрушы Лидия Дмитриевна Скоробогатова Петропавл қаласы, Копай көшесі, 97-үйде тұрушы Григорий Потапович Скоробогатовтан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 4-ші участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. **ТЕЛЕФОНДАР:** редактор —1-86, редактордың орынбасары— 1-59, секретарнат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп- транспорт бөлімдері—2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39, газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 00780. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.